Әдебиетке шолу. Өткен ғасырдың соңғы онжылдықтарында «мәдени әртүрлілік» теориясы пайда болып, жер бетіндегі еуропалық емес, географиясы басқа жеке мәдениеттер мен институттармен санасу, оларды қабылдау тенденциясы пайда бола бастады. Қазіргі таңда жаһанданудың мәдениеттердің әралуандығына әсері туралы дискурс күрделі пікірталас тудыруда. Технологияның дамуы халықаралық шекараларды бұзды, жаһандану, әсіресе мәдениет төңірегінде кең қанат жайды [4,6]. М.А.Мунтянның пікірінше, мәдениеттанушылар «жаһандану түсінігін әртүрлі түсіндірді, кейбіреулері жаһандану деп біртұтас әлемдік мәдениетті (өркениетті) құру тенденциясын атайды, ал екіншілері жаңа мәдениетті тудырмайтын, керісінше әртүрлі мәдениеттердің өсіп келе жатқан өзара байланысын түсіндіреді,

бірақ ешқандай да бір мәдениеттің басқалардан «үстемдігін» атамайды [5]. И.Шайтановтың ұстанымы бойынша: «Әлем мәдениеті біртұтастанып, жергілікті ұлттық мәдениетті жоққа шығару емес, керісінше, ескі латын формуласы (concordia discors) «бір-біріне ұқсамайтын бірлік» тұрғысынан көрінеді [6]. Оның ойынша, адам дамуының бірыңғай әмбебап схемасы жоқ және барлық мәдениеттер (өркениеттер) бір-біріне қатысты автономды. Яғни, бір мәдениетке тән мінез-құлық нормалары мен өмір салтын басқа мәдениетпен байланыстыруға болмайды: прогресс - регрессия, «озық және артта қалған мәдениеттер жоқ», әрқайсысы жеке организм, оны әркім тек өз логикасы шеңберінде дамытып, зерттеуге болады. М.Әуезов басқа мәдениетті толерантты, түсіністікпен қабылдап, бағалағандығын мына жолдардан байқауға болады: «Удайпур шаһарында ХҮІ ғасырдың Кришнаға арналған храмы-минажат үйіне келдік. Бұндай жерлердегі дағды бойынша аяқ киімдерімізді төменге, тас басқыштың түбіне тастап жалаң аяқ шықтық. Дәл храмға кірерде намаз кезі екен, жрец (бірқатар шығыс елдерінде ертеректе болған дін басылары) қарсы шықты да бізді сәл бөгей беріп бәріміздің маңдайымызға қызыл бояулы мең орнатты және сол бояудың тап ортасына бір-бір күріш дәнін қондырып берді. Оны бізге «сәлемдесу, жақсылық тілек тілесу, адал бейілмен көрісу белгісі» десті», - деп түсіндіреді [7,329 б].

«20 ғасыр рухани байлықты ысырып қойып, экономикалық адамды – homo economicus, орталық назарда ұстады, адамды экономикаға бағындырып, экономикалық және технологиялық өлшемдерді адамдардың, елдер мен өркениеттердің негізгі өлшеміне айналдырды» [8]. М.Әуезов Үндістан, Америка және Жапония сапарларында өзінің оқырманының материалдық та және рухани дүниетанымын да кеңейтетін танымдық тұстары туралы жазады. Мыса-

лы, ұшақ, оның түрі, бағдары, туралы мына мәліметтерден бастайды: «Индияға аттанған сапарды біз Москвадан бастасақ та, әуелі оңтүстікке қарай беттемей, керісінше, тура терістікке қарай жөнелдік. Халықаралық әуе қатынас жолы біздің Ленинградты, Хельсинкиді басып, Стокгольмге баруымызды қажет етті. Стокгольмнен бүкіл Европаны аралап, Африка жағасын жағалап, Токиодан барып шығатын төрт моторлы үлкен самолетке мінетін болдық. Бұл «САС» деп аталатын Скандинавия компаниясының самоләті. Ол төрт моторлы, 62 кісілік ірі самолет, шапшаң да ұшады» [7,151]. Америкада жазушы қаланың сұлулығы мен тазалығына тәнті болғанын былай суреттейді: «Бұнда да Америкада бар жерде сондай адам жағдайы. Қызметкер, байлар да лыпып тұрады. Бір үлгімен пішкендей біркелкі жанға жайлы өмір. Бұнысына, цивилизациялық, жалпы адамдық жайлы жағдайына еріксіз сүйсінесің. Ол жағынан қарағанда, бұнда, Америкада қала мен деревня айырмасы жағы былай тұрсын, тіпті столица мен провинция деген, орталық пен аудан дегеннің арасындағы айырмасы мүлде жойылған», - деген танданысын жасырмайды.

Жаһандану дәуірі барлық стереотиптерді бұзып, қоғамның шектен тыс жікке бөлінуіне әкелді. Оның шығу тарихын талдаған, В. Галецкий былай дейді: «Ел ішіндегі халықтың жікке бөлінуі әлеуметтік-экономикалық игіліктердің біркелкі бөлінбеуінен емес, бұл – кез келген қоғамның табиғи жай-күйі, қоғамда әлеуметтік-экономикалық теңсіздік шектен шыққандықтан, игіліктерге иелік ету біркелкі бөлінбейді [9]. Ұлы қаламгер «VIII. Ұлы қалалар мен ұлы қайшылықтар» деген тарауда өзі көріп, көңіліне ұнаған жайттың бәрі отандастарының да қызығушылығын тудыратынын жақсы біліп, жазушы халқы жиі орналасқан, мәселен, бір ғана қала Бенгалиде әрбір шаршы километрге үш жүз адамнан келетінін, жылына 2-3 рет өнім алса да, қара құрым

халықтың еңбекқорлығына қарамай, сінірі шыққан қайыршылықтың бар екендігін, соның салдарынан тазалықтың тапшылығын айтады [7,165]. «Жүргіншісі аз, қағабәріс алаңы мүлде жоқ. Сол көшелерде қайнаған адам селінің арасында тағы да буйвол, есек, сиыр, рикшалар қақтығысып жүр. Бұл қала –байлықпен, барлықпен қатар барынша сорлаған жоқшылық, қайыршылықтың бетпе-бет кезігіп тоғысқан жері. Көше сайын қайыршы еркек, әйел, қара борбай балалар жалаңаш, аш күйде қаптап жүр. Шаштары кірлеген, дудыраған, ауру екені, кәрі екені белгісіз, беті қатпар-қатпар болып қатып қалған қайыршы әйел қолына емшек баласын ұстап, машинаға үміткер қолын созып жүргізбейді... Кей ағаштың түбінде, әлдебір алақандай көгал алаңда немесе тас үйлердің тас іргесінде ап-ашық көшеде жыртқы, жұқа лыпасына шала оранып, бұралып жатқан адамдар талай жерде жиі кездеседі» [7,166]. Жазушы халықаралық байланыста тек материалдық қана емес, рухани байлықтан да көмек беру керектігін, әлем жұрты арасында әдеби, мәдени диалогтардың жүйелі жүргізілуі орасан мол байлыққа кенелтетінін қаперде ұстау керектігін ескертеді.

Мақаланы жазу барысында бірнеше тілдегі ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстыру, жүйелеу әдістерімен бірге тарихи-этимологиялық, компонентті-семантикалық әдістер қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау. Соңғы кездері мәдениеттегі жаһандану мәселелерін түсінуге тырысқан зерттеушілер мәдениеттер диалогы, мультимәдениет теориясы мәселелеріне мән беруде, сондықтан өзара түсіністікке, диалогқа, ортақ мақсаттарға жетуде бірлікке, өзара мүдделерді сақтауға ұмтылу қажет екендігімен бәрі келіседі. Мәдениеттер диалогында «сөзсіз дерлік жаһандану агенті» [10] жазба әдебиетке ерекше рөл беріледі, өйткені ол әрқашан әртүрлі мәдениеттердің тоғысқан жерінде орналасып, олардың өзара әрекеттесуіне байла-

нысты дамиды. Жазушы материал жинауда, жоба-жоспарларын, ойын қағазға түсірудегі өзіндік әдісі – қолжазбалардың бірде араб, енді бірде латын, кейде крилица таңбаларымен қағазға түсіріп отырған. Алғашқы сауатын араб тілінде ашқандықтан болар, көбінде Құран тіліне де кетіп қала берген. Оған әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясын жазар алдындағы дайындық жұмыстары, яғни ел ішінен тарихи, әдеби, өмірлік деректер жинау барысындағы қолжазбалары дәлел. Және шет елдерге шыққан шығармашылық сапарларындағы күнделіктері мен жолжазбаларында және өзі оқып белгі қалдырып отырған кітап жиектерінде (Индия, Жапония, Америка) көбінде араб таңбалары түсірілген [11,122]. Бұндай жағдай, әсіресе, қазіргі таңда мәдениеттер жақындап, басқа халықтардың ұлттық тілдері оқуға қолжетімді болған уақытта, жаһандану процестерінің арқасында айтарлықтай дамыған көркем аудармаларға қатысты мәселе болып қарастырылады. Жазушы шығармаларында шетел сөздерін қолданылу мәселесі арнайы зерттеу нысаны бола алады.

Гуманистік идеологияның негізінде адамның өзіне берілген мүмкіндіктерінің ішінен жауапкершілігі мол, соны, дұрыс таңдауын еркін жасайтын, жасампаздыққа жаны жақын, әлеуметтік-мәдени ортаның қажеті мен сұранысына қабілетті, икемді жауап беретін шығармашыл тұлға идеясы жатыр. Көрнекті кеңестік психолог Л.Выготский шығармашылық тұлғаны – адам мен адамзат дамуының ең жоғары дәрежесі болып табылатын данышпан деп атады. Оны құдай солай дара етіп жаратқан. Оның мақсаты – материалдық пен рухани дүние арасындағы синтетикалық тепе-теңдікті табатын миссияны орындау деп түсіндірді [12]. Бір азаматтың бойындағы білімі мен шығармашылығынан сол елдің, ұлтының табиғаты танылып, мәдениеті мен ұлттың ерекшелігі танылады. Қазақ ұлтының дара тұлға, біртуар өкілі ретінде жазушы шет

елге сапарларын абыроймен атқарды. Осы сапарларда қазақ ұлтының өкілі ретінде елді танытудағы оның жеке тұлғасы дараланып көрінеді. «В США меня нарекли мудрецом,...в Японии тоже. Я приписываю это тому, что я учусь больше и охотней, чем учу»,-деген екен жазушы [5,116]. Сан ғасырлық тарихы, мәдениеті, әдебиеті, өнері бар әлемдегі ірі мемлекеттің еш елге ұқсай бермейтін тарихи ескерткіштерімен, салт-дәстүрімен, тұрмыс-тіршілігімен танысып, әдебиет және мәдениет қайраткерлерімен сұхбаттасып, өзіне етене таныс әлем фольклоры мен шығыс әдебиетіндегі рухани әлемді өз көзімен көріп, сол әдемі әсерден туған Үндістан туралы очерктері қазақ оқырмандары үшін жаңалық еді. Сонымен, жазушының жеке шығармашылығының туындысы арқылы басқа елдер мен олардың тарихынан мәлімет, мәдениет үлгісі, білім беру жүйесі, қала архитектурасы мен асын, табиғатын қазаққа танытуы сол уақыттағы «қатаң кеңестік жүйенің» шымылдығынан асып, шынында да ауылдан басқа алысқа барып көрмеген қазақ тыңдарманы мен оқырманына «жөні-жолы бөлек оқшау сапарды» әңгімелеп, жаһанды елге танытқан, басқа елдің өмірін, тұрмыс-тіршілігін елге жеткізген, жаңалығы мол іс-сапар деп бағаланды.

М.Әуезовтың жолжазбаларында тіл мәселесіне ерекше көңіл бөлгендігі байқалады. Мәдениеттің құрамдас бөліктерінің ішінде тіл мәдени белгілердің маңызды құралы болып табылады. М. Әуезов бірнеше тіл білген, соның дәлелі: 26/II. Бүгін таңертең ерте тұрдық. Сағат 9-да Лос-Анджелесқа аттанамыз. Нью-Йоркте 8 күн тұрдық. Жолда газета оқыдым. «Нью-Йорк Таимс» 26/II. Салисберн Харнсон жазды «Писатели невидимки под огнем» [11,198]. Жазушы ағылшын тілінде өздігінен газет оқи алған және орыс тілінде еркін жазып, сөйлеп, түркі тілдерінің бірнешеуін еркін меңгерген. М.Әуезов жастардың орыс тілі арқылы әлемдік әдебиетпен жан-жақты танысып, көп тіл

білгеннің дүние танымының кең болатынын айтып, шын пейілмен кеңес, бағыт-бағдар ұсынады. «Екі тілдің мәдениетін бойға сіңіру ол адамды кең тынысты етеді. Мольерақ жағаны кеңірек көретін қос қанатты көреген ете түседі. Екі тіл мәдениетін білгендіктен Абай-Абай болды...Екі бірдей ана тілің болу – екі енеге тел өскендей, екі-жақты, егізекі нәр қасиет, қуат бітіреді...», - деп басқа тіл білудің құдіретін жастарға үлгі етеді [14,35]. 1958 жылы Ташкентте өткен Азия, Африка елдері жазушыларының конференциясында М.Әуезов «Сен Никконы көрмеген болсаң, онда «ғажап» деген сөзді қолданба» деген жапон нақылын еске алып, сөз арасында қолдануы жазушының шет тілін меңгеруге қабілеттілігін, басқа тілдің тілдік бейнелі оралымының мағынасын жетік түсінген ойының жүйріктігін айғақтайды.

Ұлы жазушы жолжазбаларында білім беру мәселесін де ерекше назарында ұстаған. Америка мен Үндістанға сапарларында Колумб университеттің славян филологиясы департаментінде Совет одағының бірнеше тілдерімен қоса өзбек, азербайжан, армян тілдері де оқылатынын, тіпті «Қазақтың батырлар жырлары және оның өзге эпостармен жалғасы» деген тақырыпта магистрлік, «Өзбек эпосы» туралы докторлық диссертация қорғалғаны қаламгерді қатты қызықтырады. Жазушы Дели университетінде болғаны, 32 университеттегі жалпы жағдай, елдің оқу жүйесіндегі ерекшеліктер, студенттер мен оқытушы профессорлардың саны, жағдайы, факультеттегі мамандықтар, үш сатылы оқу жүйесіндегі бакалавриат, магистратура, докторантура, т.б. білім беру саласына қатысты мәліметтері естеліктерінде түгелдей тізіліп жазылған [7,157]. Қа-

ламгердің көріп, жазғандары мемлекетіміз тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана еліміздің білім беру жүйесіне ене бастады. 2010 жылы жоғарғы білім берудің еуропалық аймағына қатысатын елдердің Білім беру Министрлерінің II Болондық Форумында Қазақстан Болондық үдеріске енді. Болон процесінің қағидаларына сәйкес, ЖОО-да білім беру, ғылыми, қаржылық, халықаралық және өзге де қызметтерін жүзеге асыруда еркіндік берілді. Бұл студенттердің академиялық кеңістікте әлемдік ұтқырлығын арттырды, сонымен қатар түлектерге жаһандық сұраныстағы жұмыстарға орналасуларына мүмкіндік берді. Жаһанданудың артықшылығы қазақстандық жастарға әлемдік білім алуы қолжетімді жасады. Қаламгер сонымен бірге күнделіктерінде жаһандық мәселелер қатарында әйел теңдігі, еңбек миграциясы сияқты мәселелерді де көріп, жазбаларына түртіп алып отырған.

М. Әуезовтың Индияда болған сапарларында, 1957 жылдың 10-ынан басталып, 26-шы тамыз айына дейінгі аралықтағы Жапония елінде өткен оқиғалар мен кездесулерде, Америкада болған бір айға сазылған сапарында ұлы жазушы – өзінің ұлттық бірегейлігімен бүкіл адамзатқа қажетті рухани құндылықтар төңірегінде әдебиет пен мәдениет мәселесі жайлы ой көтеріп, мәдениеттің әртүрліліген сақтау мен дамытуда әдеби диалог орнатқан қазақтың алғаш даңышпан ұлы, асыл азаматы.

Кемеңгер жазушының артында қалдырған өз қолымен жазған құнды дүниелері – бүгінгі қазақ баласына мақтаныш, ұлттық мәдениетімізді айшықтайтын, таныстыратын, ұлттық кодты, ұлттық болмысымызды сақтайтын әлемдік деңгейдегі деректі құндылықтар.

Әдебиеттер:

1. Robertson, Roland. 1992. Globalization: Social Theory and Global Culture. London: Sage.
 2. Омарбекова Г. Ә.Тіл және жаһандану. Оқу құралы, Нұр-Сұлтан: Fast Print. 2019. – 150 б.
 3. Deng, N. (2005). On the national literature's tactics in the globalization's language environment. Journal of Human Institute of Humanities, Science and Technology, 1, 39-41.
 4. Латов Ю. Римский Клуб. / «Кругосвет» Энциклопедия, 2008.
 5. Выготский Л.С. Собрание сочинений: В 6-ти томах. – Г.: Педагогика. – 1981-1985. (128)
 6. Пантлеев,А. «М.Ауэзов и современников воспоминаниях»,116 б.
 7. Пірәлі Г.Ж. Қазіргі Мұхтартану, Алматы: Елтаным, 2014. – 320 бет.
 8. Орлова И.Б. Асимметричность глобального мира. <http://www.ispr.ru/Confer/confer1.html>
 9. Галецкий В. Демографическая глобализация: проблемы. Дружба народов. 2004, №11.
 10. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. «Америка әсерлері», «Америка сапары (Жол-жазбалар)», 38-том. Алматы:Жібек жолы, 406 б. 155-253 беттер.
 11. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Алматы: Жібек жолы, 2011-456 бет-35 б.).
 12. Мунтян М.А. Глобализация. Что это такое? <http://www.ispr.ru/Confer/confer1.html>
 13. Шайтанов И. Триада современной компаративистики: глобализация – интертекст – диалог культур. Дружба народов, 2005, № 6.
 14. Greenblatt Stephen. Racial Memory and Literary History. PMLA Journal. Vol. 116. No 1. January 2001. P. 59.
 15. Пірәлі Г., МұхтарӘуезовАмерикаәсерлері. Mukhtar Auevov impressions of America special edition, 2021, Алматы: Service Press, 327 б.
 16. Пірәлі Г.Ж. XXI ғасыр және Мұхтартану мәселелері. Алматы:Қоңыр, 2021,146 бет.
-

ҚАЗАХСТАНДА ЖОҒАЛЫП БАРА ЖАТҚАН ТҮРКІ ТІЛДЕРДІ САҚТАУ МӘСЕЛЕСІ

ПРОБЛЕМА СОХРАНЕНИЯ ИСЧЕЗАЮЩИХ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ В КАЗАХСТАНЕ

THE PROBLEM OF PRESERVATION OF TURKIC LANGUAGES DISAPPEARING IN KAZAKHSTAN

Тажибаева С.Ж.

филология ғылымдарының докторы, профессор

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

«Аударма теориясы мен практикасы кафедрасы»

ORCID ID 0000-0002-5655-8391 E-mail: tazhibaeva_szh@enu.kz

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның түркі әлеміндегі басты орны анықталып, түркі әлемінің әлемдік зерттеулердегі ерекшеліктері ашылады. Түркологиядағы зерттеулерге, түркітілдерінің классификацияларына, сондай-ақ қазіргі таңдағы жоғалып бара жатқан тілдерді құжаттаудың маңыздылығы баса көрсетілген. Тілдік құжаттау қазіргі кездегі лингвистиканың жеке саласы, оның өз зерттеу әдістері, ережелері бар, ол сипаттамалы және нормативті емес. Оның міндетіне грамматиканы, сөздікті немесе тілдің стандарттық нормаларын жасау болып табылады.

Тірек сөздер: Қазақстан, түркіәлемі, түркология, түркітілдері, түркітілдерді құжаттау.

Annotation. The article considers the main place of Kazakhstan in the Turkic world, reveal the peculiarities of the Turkic world in world studies. The importance of research in Turkology, classifications of Turkic languages, as well as documentation of current disappearing languages is underlined in detail. Language documentation is a separate area of modern linguistics, which has its own research methods, its own rules, which are descriptive and not normative. The pivotal task is to develop a grammar, dictionary or standard norms of the language.

Keywords: Kazakhstan, the Turkic world, Turkology, Turkic languages, documentation of Turkic languages.

Аннотация. В статье рассматривается основное место Казахстана в тюркском мире, раскрываются особенности тюркского мира в мировых исследованиях. Подробно подчеркивается важность исследований в области тюркологии, классификаций тюркских языков, а также документирования современных исчезающих языков. Языковая документация - это отдельная область современной лингвистики, которая имеет свои собственные методы исследования, свои собственные правила, которые носят описательный, а не нормативный характер. Ключевой задачей является разработка грамматики, словаря или стандартных норм языка.

Ключевые слова: Казахстан, тюркский мир, тюркология, тюркские языки, документация по тюркским языкам.

Қазақстан – 126-дана астам түрлі этнос өкілдері өмір сүріп жатқан полиэтникалық және поликонфессионалдық мемлекет [1]. Түркі әлемінің моделін бейнелейтін халқымыздың үштен бірін 25 түркітілдерінде сөйлейтін түркі этностары құрайды.

Қазақстан қазіргі таңда түркі семьясының ішінде түрлі классификациялық топтарға жататын (қыпшақ, қарлұқ, оғыз, саян-алтай) түркітілдерінің (Н. Баскаковтың классификациясы бойынша) өзара ықпалдасқан және өзара кіріккен (ішінара жекелеген араласу) процесі жүріп жатқан өте сирек аймақ болып табылады.

Түркі әлемінің өзіндік ерекшелігін қазақ ғалымдары Батыс және посткеңестік ғылыми қауымдастықтармен тығыз байланыса отырып, түрлі лингвистикалық, мәдени-тарихи бағыттарда жан-жақты зерттейді.

Түркі әлемінің өзіндік ерекшелігі тілдік және мәдени-тарихи салада жан-жақты бағыттарда зерттелуде. Ежелгі түркітілдерінің грамматикалық құрылымы әлі күнге дейін өзекті тақырыптардың бірі болып қалуда және М. Эрдал, Р. Таш, Л. Йохансон, Е. Чата, И.В. Кормушин және т.б. ғалымдардың қызығушылығын тудыруда [2]. Түркітанушы ғалымдар түркі тілдеріндегі көптілділік мәселелерінде толыққанды зерттеуде [3]. Салыстырмалы-салғастырмалы бағытта түркі мәтіндерінің корпусын құру жойылып бара жатқан түркі тілдерін сақтаудың өзекті міндеттерінің бірі болып саналады [4]. Тілдерді құжатқа көшіру арнайы лингвистикалық пән ретінде соңғы онжылдықтарда қалыптаса бастады. Түркітануда бұл бағыт жаңа болып есептеледі [5]. Құжаттау және мәтіндердің лингвистикалық корпусын құру мәселесі Қазақстандағы түркітану мен филологиясы үшін де жаңа бағыт болып есептеледі.

Қазақстандағы заманауи түркітану зерттеулері соңғы жылдарда мынадай негізгі екі бағытта белсенділік танытуда:

- Ерте және кейінгі орта ғасыр жазба ескерткіштерін зерттеу;

- Қазіргі түркі халықтарының тілдері мен мәдениеттерін синхронды түрде зерттеу.

Жазба ескерткіштерді Кеңестік түркітанушы ғалымдар жеткілікті түрде зерттеді және Батыс пен Шығыс, ТМД елдері, сондай-ақ Қазақстан ғалымдары тарапынан жаңа бағытта зерттелу үстінде (А.Аманжолов, Г.Айдаров, А. Құрышжанов, М. Жолдасбеков, Н.Шаймердинова және т.б.).

Қазіргі таңда елімізде өмір сүріп жатқан әртүрлі этностардың басым көпшілігін барлық түркі тілдерінде сөйлейтін әртүрлі түркі этностарының өкілдері құрайды. Еуразия кеңістігінде өмір сүріп жатқан түркі әлемі 40-тан астам этностың басын біріктірсе, қазіргі Қазақстанда, 2009 жылғы халық санағы бойынша, 25 түркі этносы өмір сүруде. Олардың көбі тек қана Қазақстанда ғана сақталған [6, 7]. Оғыз тобының ең көп өкілдерін құрайтын түріктер, Грузиядан Қазақстанға 1944 жылы жер аударған.

Қазақстанда қазіргі уақыттағы түркі халықтарының, оның арасында түркі диаспорасының субэтникалық топтарының тілі, мәдениеті мен тарихының синхрондық сараптамасы осы кезге дейін жүйелі түрде жасалмаған. Қазақстандағы түрік диаспорасының этномәдени, этносаяси үрдістері туралы бірқатар зерттеулер бар. Мысалы, түркіхалықтарының этномәдениеті А. Тоқтабайдың монографиясында зерттелген [8]. Қазақстандық зерттеушілердің диссертациялық еңбектерінде түркітілдес халықтардағы этносаяси үрдістердің зерттелу тарихы, Қазақстандағы түрік диаспорасының этномәдени дамуы сарапталған. Американдық ғалым Дейва Бхавнаның (Dave, Bhavna) монографиясында Қазақстанның этникалық ерекшеліктері зерттелген [9]. Американдық зерттеуші Омер Авчидің (Omer, Avchi) мақаласында АҚШ-та өмір сүріп жатқан ахысқа түріктерінің тілдік ерекшеліктері қарастырылған [10]. Түркітілдес мемлекеттердегі түркітанушылардың ұжымдық монографияларында еуразия

кеңістігіндегі түркітілдерінің қолданылу ерекшеліктері зерттелген [11].

Жүргізілген әлеуметтік сауалдар нәтижесінде, Қазақстандағы түріктердің өздерін түрік ахысқа, түрік хемшилли, түріклаз, түріктер екеме деп таныстыратындықтары анықталды. Қазақстандағы түріктердің тілдері мен мәдениеттері туралы арнайы зерттеулер бұрын-соңды жүргізілмеген, сонымен қатар, түрік тілінің субэтникалық диалектілерінің ерекшеліктері зерттелмеген, жоғалып бара жатқан түрік тілі нұсқалары мәтіндерінің құжаттық қоры жасалмаған. Өздерінің отаны Грузияға оралуларына мүмкіндігі болмаған ахысқа, хемшилли, лаз, терекеме түріктері көптеген елдерде шашыраңқы өмір сүріп жатыр, олардың ішіндегі ең саны көп диаспора Қазақстанда өмір сүруде. Субэтникалық топтардың тіл нұсқаларының мүлдем жоғалуы мүмкін немесе олардың ревитализациясын жасау амалдарын қолға алудың қажеттілігі туып отыр. Оған қоса, Қазақстандағы түрік тілдері жазбаша нұсқасы болмағандықтан, жағдай күрделене түсуде. Осыған байланысты, түрік тілінің түрлі нұсқаларын зерттеу, құжатқа көшіру, ғылыми тұрғыдан жан-жақты сараптау және сипаттау қажеттілігі, сонымен қатар Қазақстандағы түрік диаспорасының әртүрлі диалектілерінің тілдік ерекшеліктерін құжатқа көшіру түркітанудағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Аталған тілдердің негізгі этникалық топтан шығып кетуі, мысалы, тілдің және дәстүрлі түрік мәдениетінің белгілі жақтарының консервациясына жол ашқандығын ерекше атап өтеміз. Қазақстандағы түріктердің тілі Түркия Республикасындағы кемалисттік реформадан бұрынғы күйінде сақталған. Сонымен қатар, қазіргі таңда Қазақстандағы түріктердің мәдени ассимиляцияға (қазақ тілді және орыс тілді мәдениеттерге бірдей) тез ұшырап жатқаны белгілі. Алдыңғы ұрпақтың сақтап келе жатқан тілі мен мәдениетін зерттеушілер жазып алуы тиіс. Ерекше атап өтетін жәйт, сауалнамаға

жауап берген түрік этностарының ортақ пікірінше, орталық Азия елдері арасында, түрік диаспорасына өз мәдениетін сақтап, оны жалғастыруға ең қолайлы жағдай туғызып отырған ел Қазақстан екендігі атап өтілген.

Осылайша, түрік диаспорасының тілі мен мәдениетін зерттеу екі жақтан қызығушылық туғызуда: біржағынан, тарихи отанын жоғалтқан түрік тілінің архаикалық түрлерін зерттеу болса; екінші жағынан, мәдени ассимиляция және ұрпақтар өзгерісі үрдісіне байланысты жойылып кету қаупінде тұрған тілдік және мәдени мирасты жазып құжатқа көшірудің қажеттілігі.

Қазақстандағы түріктілінің нұсқаларын құжатқа көшіру еліміздің барлық аймақтарында жүргізілген. Түрік субэтностарының ең тығыз орналасқан жерлері, 1944 жылда депортация кезінде орналасқан Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары болып табылады. Аталмыш аймақтарда далалық зерттеулер жүргізілді.

Түрік материалы бұл түрдегі зерттеуді жүргізу үшін өте тиімді, себебі қазақстандық диаспоралардың әлеуметтік жағдайларының кейбір кең таралған жақтары нақты депортацияға ұшыраған халықтар арасында аз кездесетін, реабилитация ала алмаған және тарихи отаны Грузияға оралу мүмкіндігі жоқ ахысқа түріктері де кездеседі.

Жаһандану үдерістері, спутник теледидары арқасында қазіргі түрік тілінің әсері, бұқаралық ақпарат құралдары қазақстандық түріктердің әртүрлі субэтникалық топтарының өзіндік мәдениеті мен тілінің өзгеріске ұшырауына себеп болуда. Сонымен қатар, түріктердің ұлттық сана сезімінің жоғарлауы, өз тілімен мәдениетін сақтауға ұмтылыстары, бұл тілдердің құжатқа көшірілуі әлеуметтік сұранысқа ие болғандығын көрсетеді. Құжатқа көшірудің тек қана ғылыми емес, сонымен қатар үлкен әлеуметтік маңызы да бар.

Қазіргі таңдағы тіл білімін зерттеуші лингвист ғалымдардың алдында тұрған

ең басты мәселелердің бірі бұрын-соңды зерттелмеген, жоғалып бара жатқан немесе жоғалу қаупі төніп тұрған тілдерді зерттеу және сипаттау болып табылады. Жоғалып бара жатқан немесе жоғалу қаупі төніп тұрған (endangeredlanguages) тілдерді құжаттау – қазіргі кездегі лингвистикадағы жаңа бағыт болып отыр.

Түрік тілдерінің барлық нұсқалары (ахысқа, хемшилл, терекеме, лаз) негізгі тілдерінен ажыраған болатын. Жетпіс жыл бойы (КСРО тарағанға дейін) олар Түрік республикасында қолданылатын түрік тілі мен араласқан жоқ. Ал түрік тілінің өзі Кемалдық реформадан кейін де біраз өзгерістерге ұшырағаны белгілі. Сондықтан Қазақстандағы түрік тілінің әлі де болса жазылып алынбаған нұсқаларын жинау, топтастыру және оларды сипаттаудың лингвистикалық маңызы зор. Жағдай тілді қолданушы ескі көздердің өмірден озуымен, ал жаңа ұрпақ тілінің Қазақстанда тұратын басқа да халықтар тілдері мен ықпалдасуының салдарынан өзгеруіменде қиындап отыр. Қазақстанда тұратын түрік халқы тілдерін құжаттау қазіргі кездегі түркологияның өзекті мәселесі болу мен қатар лингвистерге нақты, жаңа және ешбір жерде жарияланбаған тілдік материалды игеруге мүмкіндік береді.

«Фольксваген» қорының (Германия) гранттық қаржыландыруымен 2014-2020 жылдары Берлин Еркін университеті (Германия), Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ және М.Х. Дулати атындағы ТарМУ базасында «Пост-кенестік Қазақстандағы түрік халықтарының тілі мен мәдениетінің арақатынасы» тақырыбындағы халықаралық жоба бойынша жұмыс атқарылды. Жобаның мақсаты – түрік тілдеріне әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу жүргізу, Қазақстанда тұрып жатқан жоғалып бара жатқан қарайым, қырымшак, шор тілдерін құжаттау болып табылады. Сонымен қатар Қазақстан ғалымдары осы жоба аясында неміс түркология мектебі қолданып жатқан тілдерді

құжаттаудың инновациялық халықаралық стандарттарын да игеру мүмкіндігіне ие болды. Себебі тілдік құжаттау қазіргі кездегі лингвистиканың жеке саласы, оның өз зерттеу әдістері, ережелері бар, ол сипаттамалы және нормативті емес. Оның міндетіне грамматиканы, сөздікті немесе тілдің стандарттық нормаларын жасау енеді.

Тілді құжаттаудың негізгі мақсаты – тілді әртүрлі қалыпты жағдайларда қолданудың көп мақсатты қайта таныстырылатын мысалдар корпусын жасау, яғни жан-жақты әлеуметтік және мәдени контекстерде коммуникативтік жағдайларды жазып алу. Ары қарай барлық мәліметтер түсіндіріледі, мағынасы ашылады және түсініктеме беріледі [9].

Тілді құжаттаудың негізгі ұстанымдарына мыналар жатады: әртүрлі лингвистикалық сипаттау базасы ретінде жоғары сапалы лингвистикалық мәтіндердің кең түрін жасау; тілдік мәтіннің басқа дереккөздері жоғалып кетсе де нақты тілді жаңғыртудың негізін құру; тілді сақтау және оқытуға негіз болатын мәтінді жасау [9].

Тілдік корпус тілдік мәтіннен тұратын алғашқы мәліметтерден, метамәліметтерден, глоссарийден тұрады. Тілдік материалдар жазбалар, транскриптер, аудармалардан болыпта былады: жазбалар (мысалы: транскриптілеу, морфологиялық талдау, жекелеген феномендер сипаты); метамәліметтер (жиналған материалдардың құрылымдық мәліметтері).


Аудио және бейнематериалдар құжатталады, содан кейін ғана ауызша жазбаның әрқайсысы жеке-жеке транскрипцияланады. Жазбалардың мағынасын түсіндіру – зерттеудің ең бір еңбекті көп қажет ететін ауқымды міндетінің бірі. 2-суретте 1-суретте келтірілген жазбаның түсіндірмесі берілген. Ауызша жазба үлгілері IPA халықаралық транскрипциялау жүйесі (International Phonetic Alphabet) бойынша түсіндіріледі.

Ahiska_Martoba_181014_MBA_V01

пәәәәәә әәәәәә құртандус | fej u institut näj qurtardus | бәә Qurtardum әт:u3 jed:ndçt juikda
pedagogçt institut | nereds | bakvda | baku | adu nä jdr institutum | pedagogitçtsktj |
pedagogitçtskt orda benim birndçtde tadt geldim bakvja goryn e gözeldçvrt fçayrt bakonen fabrikler
zajçtlar gymbæguyitçler Gajnrçde jeyn etçetçvrt bakvnyv ne evler tikitç radçpçn ar hçz bir jeyv jeyvç
hajv dyfmançarun gözç tçkvlyv fçekçp bn mlç dçvrt bakvnyv alyçem gezerem avzalerjç nç bizzim
qaharbanduç tutup avçemij çafasuz savetçm bejç baubalt at çajul çeyrçm baçrt bakvnyv |

Сурет 1. IPA халықаралық транскрипциялау жүйесіндегі жазудың мағынасының ашылуы.

Аталған тілді құжаттау барысында Toolbox бағдарламасы арқылы мәтіндік және сөздік қоры жасалады, ол өз кезегінде морфологиялық талдау жасауға мүмкіндік береді, сөздің қызмет аясын анықтайды және жартылай автоматы түрде оның мағынасын түсіндіреді, яғни әртүрлі морфемаларға бөлінген сөздердің бірнұсқасын таңдап алуға мүмкіндік береді. Мәтіндік мәліметтер мен мәтіндер сараптамасының толығы мүмкіндігіне қарай жаңа сөздер автоматы түрде толығып отырады. Мысалымызда біз түрік тілінің ахысқа нұсқасының мәтінінің талдауын ұсындық. Бұл жазылып алынбаған, нормаға түспеген тіл болғандықтан, көптеген сөздерді айтудың бірнеше нұсқалары болуы мүмкін. Соған сәйкес біз осы нұсқалардың барлығын әрбір сөзге арналған сөздікқорға қосамыз және олардың әдеби нормадағы нұсқаларын да береміз. Осылайша алынған барлық мәліметтер Наймеген қаласындағы (Голландия) Макс Планка атындағы институттың Архив серверінде сақталады. Біздің жоба үшін біз осы серверден арнайы орын алдық. Төменде серверде сақталған файл көрсетілген.



Сурет 2. Наймегендегі сервердегі жобаның тілдік мәліметтері.

Тілдік мәліметтерді жүйелеу, әр файлға метамәліметтер жасау үшін Arbil бағдарламасы қолданылады, ол төмендегідей мүмкіндіктерге ие:

- Архивте сақталған бірліктерді көру;
- Мета мәліметтерді импорттау және экспорттау, оларды редакциялау;
- Метамәліметтер арқылы жаңа корпустар мен қосымша корпустар жасау;

Түрлі қолданушылар үшін файлдардың қолжетімдігін басқару және қажет жағдайларда мәліметтерді жасыру.

Атап айтқанда, мәтіндер корпусын жасау, жоғалып бара жатқан тілдерді құжаттау түркітану мен қатар Қазақстан лингвистика үшін болашағы зор бағыт болып табылады. Сонымен қатар шетелде тұратын этникалық қазақтардың да тіл ерекшелігін, тарих пен мәдениетті зерттеу өзекті мәселе болып табылады.

Қазақстан мемлекеті тәуелсіздік алғаннан кейін ата-бабалары

Объективті және субъективті факторлардың әсерінен өткен ғасырдың бірінші жартысында Қазақстаннан кетуге мәжбүр болған этникалық қазақтар өздерінің тарихи Отанына орала бастады. Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде алыс-жақын шетелдерден мыңдаған этникалық қазақтар тарихи Отанына қайтып оралды. Қазақстанға қоныс аударған қандастардың ішінде саны

жағынан ең көбі – Қытай мен Моңғолиядан келген этникалық қазақтар. Атамекенге қоныс аударған халықтың ана тілі нормасын жетік меңгергендігі Қазақстанда кенес өкіметі жылдарында жойыла жаздаған қазақтілінің, ұлттық болмысының, мәдениетінің, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүр функцияларының қайта жандануына ықпал етті. Сонымен қатар түрлі мәселелер мен бетпе-бет келген отандастар әлеуметтік-мәдени және лингвистикалық қиындықтарды бастан кешірді. Осыған байланысты, қандастарымыздың әртүрлі нұсқаларын зерт-

теу, құжатқа көшіру, ғылыми тұрғыдан жан-жақты сараптау және сипаттау қажет және маңызды мақсаттын бірі болып табылады.

Сілтеме. Ғылыми жұмыстың зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары Білім министрлігі Ғылым комитетінің қолдауымен орындалды (грант №AP19676809).

Acknowledgements. This research is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant no.)

УДК 159.9.072

ОСНОВНЫЕ КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ МОДЕЛИ РАЗВИТИЯ ПОЛИКУЛЬТУРНОЙ ЛИЧНОСТИ XXI ВЕКА

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ПОЛИМӘДЕНИ ТҰЛҒАНЫҢ
ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ МОЛДЕРІ

MAIN CONCEPTUAL MODELS OF THE
DEVELOPMENT OF A POLY CULTURAL PERSON
XXI CENTURY

Намазбаева Ж.И. – доктор психол.наук, профессор,
академик МА акмеологических наук, МА
педагогических и социальных наук, НАН высшей
школы РК, почетный профессор Международного
Института дифференциальной психологии
(Германия), почетный академик НАН РК, директор
Центра «Личностно-профессионального роста»
Каспийского общественного университета
(Казахстан, Алматы).



Аннотация. В данной статье впервые на научной основе освещаются вопросы обновления нравственно-духовного формирования поликультурной личности XXI века. Статья содержит новые экспериментальные данные по развитию психологического здоровья, психологического обновления современного образования, психологической культуры и компетентности, развития творческой интеллектуальной личности, методологию применения инновационных психотехнологии для развития поликультурной личности.

Ключевые слова: личность, поликультурная личность, нравственно-духовное формирование, субъект-субъектный подход, психологизация образования, инновационные психотехнологии.

Аңдатпа. Бұл мақалада алғаш рет ғылыми негізде ХХІ ғасырдағы көпмәдениетті тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуын жаңарту мәселелері көрсетілген. Мақалада психологиялық денсаулықты дамыту, заманауи білім берудің психологиялық жаңаруы, психологиялық мәдениет пен құзыреттілік, шығармашыл интеллектуалды тұлғаны дамыту, көпмәдениетті тұлғаны дамыту үшін инновациялық психотехнологияларды қолдану әдістемесіне байланысты бойынша жаңа эксперименталды деректер қамтылған.

Тірек сөздер: тұлға, көпмәдениетті тұлға, рухани- адамгершілік қалыптасу, субъект-субъектілік тәсілдеме, білім беруді психологияландыру, инновациялық психотехнологиялар.

Abstract. In this article, for the first time on a scientific basis, the issues of updating the moral and spiritual formation of a multicultural personality of the XXI century are highlighted. The article contains new experimental data on the development of psychological health, psychological renewal of modern education, psychological culture and competence, development of creative intellectual personality, methodology of application of innovative psychotechnologies for the development of multicultural personality.

Keywords: personality, multicultural personality, moral and spiritual formation, subject-subject approach, psychologization of education, innovative psychotechnologies.

Во всем мире идут поиски новых идей обновления образования. Выявлена тенденция перехода от закрытой к открытой реальности во всех науках и особенно в психологической. Глобальные изменения требуют технологических перемен, исследования самих основ научного понимания взаимодействия образования и развития человека. Несмотря на то, что во многих странах психология ориентирует образовательный процесс на личность, все же остается спорным и непонятным вопрос, каким образом можно обеспечить полноту условий обновления сознания и других регуляторных образований личности.

Человек – это живая сложная система, он входит в процесс взаимодействия с обществом, он частичка Природы и решающим для него является внутреннее «Я», но вместе с тем человечество тревожат глобальные катаклизмы и изменения в мире. Поэтому наука психология должна изучать психику человека как целостный феномен. Таким образом, нам представляется, что психика человека должна рассматриваться как

развивающаяся форма природного, общественного и общечеловеческого. Разработка такого подхода к человеку будет способствовать активному появлению тенденции смещения психологического содержания образования от способа собственно человеческой деятельности в сторону способов непосредственно ориентированных на целенаправленное преобразование собственного сознания в соответствии с собственной природой развития. В традиционном обучении, к сожалению, не всегда учитывается, что человек есть частичка Природы и экологическое взаимодействие с ней – нравственно-духовная суть становления личности. Иногда нас недостаточно глубоко волнуют отношения «студент-студент», «студент-профессор»... А это способствует тому, что вне сферы понимания остается собственная активность студента. Изучение этих проблем в учебно-воспитательном процессе группой психологов Намазбаевой Ж.И., Сарсенбаевой Л.О., Каракуловой З.Ш., Исабековой Т.Ш., Лавриненко Н.С., Садыковой А.Б. и др. позволило на научной

основе определить и разработать основные концептуальные модели развития поликультурной личности XXI века [1,2,3,4].

Укажем на общие методологические основы, на которых строился фундамент моделей:

1. Психологическое сопровождение деятельности субъекта образования является неотъемлемой частью формирования поликультурной личности.
2. Психологическая наука и практика в XXI веке востребована как наука о человекознании.
3. Исследования методически разработанные должны быть направлены на интегративное изучение взаимосвязи семейного, дошкольного, школьного, вузовского образования.
4. Остро возникла необходимость разработки прорывных инновационных психолого-педагогических технологий воспитания и обучения подрастающего поколения.
5. Формирование поликультурной личности XXI века должно осуществляться на основе общечеловеческих идей нравственно-духовных ценностей с учетом этнокультурных особенностей.

Концептуальные модели строились на критериях, полученных в результате научных исследований.

1. На основе выявленных особенностей и содержания работы по развитию психологического здоровья поликультурной личности.

2. Психологизация образования – это самый актуальный социальный заказ общества и мира в целом психологической науке и практике.

3. Разработанная комплексная модель, содержащая базу развития психологической культуры, компетентности, субъектов образования, семьи и других социальных сфер предлагается впервые для обновления учебно-воспитательного процесса.

4. Интегративная модель развития творческой поликультурной личности содержит личностные, социальные и ноосферные факторы.

5. Разработан комплекс обучающих программ на русском и казахском языках на основе инновационных модифицированных психотехнологий.

6. Комплексная модель психологического сопровождения образовательных учреждений разных обучающих ступеней.

Все модели строились на следующих принципах психологической науки и практики и при непосредственной Государственной поддержке:

- комплексности и интегративности;
- гуманизации и индивидуально-типологических свойств личности;
- связи науки и практики;
- ресурсообозначности;
- межведомственных связей и учета преемственности их деятельности;
- непрерывности.

На большом фактическом материале указанные выше исследователи выявили и установили, что поликультурная личность формируется на основе создания психологического благополучия в образовательной сфере. Главной целью этой работы было обеспечение психологической среды, направленной на оптимальное раскрытие потенциальных возможностей личности XXI века. Впервые нами была выделена образовательная среда как фундамент развития цивилизованного общества.

Переходим к характеристике основных концептуальных моделей развития поликультурной личности в XXI веке. По результатам этих исследований были выпущены 3 монографии, которые получили положительную оценку зарубежных и отечественных ученых [5,6,7].




Рис. 1 Трехкомпонентная модель развития психологического здоровья поликультурной личности




Рис.3. Модель развития психологической культуры и компетентности



Рис.2. Психологическая модель успешного обновления современного образования




Рис. 4




Рис. 5. Содержание интегрированной модели развития творческой поликультурной личности




Рис.6. Комплексная модель инновационных психотехнологий развития поликультурной личности

Литература:

1. Ильясов И.И., Нагибина Н.Л., Намазбаева Ж.И. Развитие жизнотворчества поликультурной личности XXI века. Москва-Алматы-Берлин, изд-во «Центр развития человека» 2022. – 325 с.
2. Намазбаева Ж.И. Сарсенбаева Л.О. Взаимосвязь развития самосознания с профессиональной направленностью личности будущих психологов// В журнале с импакт-фактором «Психология обучения» изд. СГУ, Россия. № 03, 2015 с.73-80, РИНЦ 0,113
3. Намазбаева Ж.И., Каракулова З.Ш. Практическая психология в вузе. Алматы, 2010, 167 с.
4. Намазбаева Ж.И. Психологические аспекты реализации идей «Рухани жаңғыру» для развития поликультурной личности в педагогическом вузе. Алматы: ИП «Балауса» - 2018, 344 с.
5. Намазбаева Ж.И., Лавриненко Н.С., Садыкова А.Б. Технология формирования психологически здоровой личности Учебно-методическое пособие. Алматы, 2011, 192 с.
6. Намазбаева Ж.И., Исабекова Т.Ш. Психологические основы развития национального самосознания// Наука. Женщины. Общество., №2/2022, Алматы, с. 46-58
7. Намазбаева Ж.И. Психологические проблемы формирования поликультурной личности. Алматы, Каз НПУ имени Абая. 2008, 158с.

ФИЛОСОФСКИЕ ОСНОВЫ ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ ВОЗЗРЕНИЙ АБАЯ

АБАЙДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

PHILOSOPHICAL FOUNDATIONS OF ABAI PSYCHOLOGICAL VIEWS

Ахметова М.К. доктор психологических наук, профессор

Абдраимова Б.С. магистр

Ахметов А.К. магистр

Куандыкова Б.С. магистр

Аннотация. Дается психологический анализ творчества поэта-мыслителя. Подробнее высказываются мысли о его мировоззрении с точки зрения современных исследователей философов-абаеведов

Ключевые слова. Абаеведы, поэт-мыслитель, философское наследие, антология, космология, гносеология, хадисы, душа, психологические взгляды.

Аңдатпа. Ойшыл ақынның шығармашылығына психологиялық талдау жасалған. Оның дүниетанымы туралы ой-толғамдары Абай философтарының қазіргі зерттеушілері тұрғысынан толығырақ айтылады.

Тірек сөздер. Абайтанушылар, ойшыл ақын, философиялық мұра, хрестоматия, космология, гносеология, хадистер, жан, психологиялық көзқарастар.

Прежде чем подвергнуть психологическому анализу творчество великого казахского поэта-мыслителя, выскажемся несколько подробнее о его мировоззрении с точки зрения современных исследователей философов-абаеведов.

Творчество Абая в философском, психологическом плане стало изучаться с 20-30 гг. прошлого столетия. В разные годы были различные толкования его философское мировоззрения. Так, в тридцатые годы Абая причисляли к представителю эксплуататорского класса, считая его выходцем из богатой среды, другие называли его мыс-

лителем-эклектиком, не имеющего определенного философского взгляда. В этих исследованиях авторы часто старались искать в его творчестве лишь материалистические идеи, где преобладал классовый подход в оценке общественно-философского наследия А. Куанбаева.

Казахские ученые-литературоведы более научно, с объективной точки зрения, стали исследовать Абая с середины тридцатых годов и стали пересматривать свои отдельные ошибочные суждения.

Более объективная оценка была выдвинута поэту в 1945 году, когда республика

праздновала 100-летие со дня его рождения. С этого момента интерес к философским воззрениям поэта снова возрос. Широкий интерес читателей вызвали публикации известных абаеведов, таких как М.С. Сильченко, М. Ауэзов и др. Несмотря на это философские взгляды Абая все еще остались не до конца исследованными. Из многочисленных работ того периода хотелось бы отметить монографию профессора К. Бейсембиева «Мировоззрение Абая Кунанбаева» [1]. Это была первая монография, посвященная Абаю, где более подробно в различных аспектах: этического, эстетического, социологического характера, анализировались его философские взгляды. В эти же годы философско-психологические взгляды Абая анализируются также видным казахским психологом – Т.Т. Тажибаевым.

В настоящее время прежде всего, следует отметить исследования философов Гарифолла Есима, М. Бурабаева, М. Мырзахметова. Они считают, что к оценке мировоззрения Абая надо подходить в синтетическом плане. Так, М. Бурабаев подчеркивает, что Абай употребляет слово Аллах в трех значениях. Прежде всего, в антологическом плане. Это значит, что Аллах и его существование есть объективная истина. По мнению поэта, он существует вне сознания, вне субъекта. Бог создал мир, в котором мы живем. Наше знание ограничено. Об этом говорит Абай в «Тридцать восьмом слове» («Аллах бесконечен, человеческий разум ограничен»). Здесь Абай идет против Платона, утверждавшего, что Бога невозможно постичь Разумом. Далее проф. М. Бурабаев рассматривает взгляды Абая в космологическом плане [2].

Абай считал, что Аллах есть создатель всего космического пространства, всего того, что есть в этом мире (морей, океанов, гор, равнин, лесов и степей, рек и озер и т.д.), поэтому его надо любить как создателя. Аллах создал людей для того, чтобы они

жили на этой планете и познавали окружающий мир и его волю. Абай призывает людей любить Бога, но не ударяется в суфизм, как Ходжа Ахмет Яссави. Девиз Абая: «Надо любить все человечество», – лежит в основе его космологического взгляда. В третьем значении автор рассматривает его мировоззрение в гносеологическом плане. Абай писал, что знание Аллаха возможно только через познание ученья пророка Мухаммеда. Люди должны познать Бога через хадисов Мухаммеда: Бог создал человека и он не вмешивается в его жизнь. Люди должны беспредельно любить Аллаха.

Мы считаем, что при анализе психологических взглядов Абая, нужно учесть вышеуказанные суждения М. Бурабаева и других казахстанских обществоведов, особенно философов, указавших на новый подход в оценке мировоззрения поэта-мыслителя.

Как известно, взгляды Абая на природу, соотношение души и тела в философском понимании несколько расходятся с его религиозными взглядами. Такой взгляд раскрывается в его стихотворении «Көктұманалдындағы келер заман» («Грядущая эпоха сизый туман впереди»). Вначале слушаем Абая на казахском языке.

«Ақыл мен жан мен өзiм, менiкi, «Менi» мен «менiкiнi» мағынасыекi, «Менiң Өлмекке тағдыр жоқ әуелбастан», «Менiкi өлсе өлсiн. Оғанбекi». В дословном русском переводе это высказывание Абая звучит так: «Я сам – ум и душа, а тело – «мое», «Я» и «мое» – два разных понятия, «Я» не умирает, это не суждено изначально, «Пусть умирает «мое», будь к этому готов». Как видим, Абай считает бессмертным «Я», то есть «ум и душу».

Абай здесь употребляет два понятия «ум и душа». Душа в логическом плане более широкое понятие, а ум это разум, интеллект человека. Смысловая нагрузка в этом высказывании падает не на слово «жан» («душа»), а на слово «ақыл», то есть ум или разум, ко-

торый стоит первым в этой фразе [3]. Мы считаем такое объяснение М. Мырзахметова вполне логичным. Поскольку Абай, знаток словесной мудрости, тщательно подбирал и взвешивал каждое слово, каждое выражение философско-психологических понятий. Он не случайно использовал в качестве первого компонента трехчленного сочетания слово «ақыл» (ум, разум). Здесь он в большей мере признавал трехчленное деление психологической жизни, как в свое время Аристотель и аль-Фараби. Употребляя его в особом значении, Абай всю глубину высказываемой мысли выразил в этом слове, чтобы более глубоко и полно раскрыть истоки своих раздумий, заострить внимание слушателей на слове «ақыл» (разум, ум), он наделил его определяющим значением. По Абаю на первом плане стоит ақыл, – ум – главный компонент полноценной личности («толықадам»). Он наделил его определяющим значением, потому что, понятие «ақыл» присуще только человеку, у животных он отсутствует. Поэт-мыслитель дал понять его в стилистическом употреблении слово «ақыл» полисемантически со словом «жан» («душа»). Как известно, в поэтических текстах Абая слово «ақыл» («ум») выступает в полисемантическом синкретном значении, то есть решающее слово «жан» («душа»), которое якобы выражает поэтическое «я», а эквивалентное ему слово «ақыл» («ум»): именно «ақыл» накапливается благодаря энергии души как знание, как научное познание.

Генетические корни мысли Абая восходят к утверждению «Разве можно считать умершим того, кто сумел оставить после себя бессмертное слово?». Отсюда к понятию «ақыл» («ум»), которое в стихотворении «Көктұман – алдындағыкелерзаман» («Грядущая эпоха – сизый туман впереди») выступает адекватом таких двух категорий, как знание, наука, мысль, сознание. Об этом Абай Кунанбаев писал в стихотворении «Жүректеқайратболмаса» («если в сердце

нет энергии»), на казахском языке это стихотворение звучит так:

 2. Назарбаев Н.А. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», 12 апреля 2017 года, С. 8. akorda.kz <https://www.akorda.kz>. Последнее посещение 25 апреля 2023 года.
 3. Коваленко А.И. Теоретические и методологические аспекты использования концепции «конкурентоспособности» в научных исследованиях // Современная конкуренция. 2013. № 6 (42). С. 65-79.
 4. Неживенко Е.А. Конкурентоспособность региона: методологические проблемы исследования // Социум и власть. 2012. № 3 (35). С. 57–61.
 5. Reinert E.S. Competitiveness and its predecessors - a 500-year cross-national perspective, Step group, Oslo, May 1994. P. 221–230.
 6. Осипов Г.В. Социологический энциклопедический словарь на русском, английском, немецком, французском и чешском языках. М., 2000. С. 137.
 7. Құқық саласындағы терминдер сөздігі, Астана, 2009, С. 449.
 8. Халдеева М.А.К вопросу о понятии «конкурентоспособность» («конкурентноспособность»); социально-философский аспект. Вестник Томского государственного университета Философия. Социология. Политология. 2020. № 54. С.8
 9. Габдуалиев М. Конкурентоспособность правовой системы zakon.kz. <https://online.zakon.kz>. Последнее посещение 25 апреля 2023 года.
 10. Цифровой Казахстан. zan.kz <https://adilet.zan.kz> > rus > docs. Последнее посещение 25 апреля 2023 года.
 11. https://assembly.kz/ru/kazakhstanskaya-model-obshchestvennogo-soglasiya-i-obshchenatsionalnogo-edinstva-n-a-nazarbaeva_ru. Последнее посещение 25 апреля 2023 года.
 12. wikipedia.org <https://ru.wikipedia.org> > wiki > Прагматизм. Последнее посещение 25 апреля 2023 года.
 13. Джохадзе И. Журнал «Философская антропология». 2018. Т. 4. № 1. С. 231–243
 14. Назарбаев Н.А. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», 12 апреля 2017 года, С. 8. akorda.kz <https://www.akorda.kz>. Последнее посещение 25 апреля 2023 года.
 15. Колбачаева Ж.Е. Особенности формирования национальной идентичности Казахстана в современных условиях. Проблемы постсоветского пространства. 2018;5(1):101-107. <https://doi.org/10.24975/2313-8920-2018-5-1-101-107>. Последнее посещение 25 апреля 2023 года.
 16. Пафомова Л. А. Эволюция взглядов на ценность научного знания в западной философии // ДИСКУРС. 2021. Т. 7, № 6. С. 28–41. DOI: 10.32603/2412-8562-2021-7-6-28-41. Последнее посещение 25 апреля 2023 года.
 17. Насимов, М. (2018). Эволюционное развитие общества: сущность и основные понятия. Государственное управление и государственная служба, (1(64),7-13. извлечено от <https://journal.apa.kz/index.php/path/article/view/125>. Последнее посещение 25 апреля 2023 года.
 18. Назарбаев Н.А. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», 12 апреля 2017 года, С. 8. akorda.kz <https://www.akorda.kz>. Последнее посещение 25 апреля 2023 года.
 19. Масалимова М.Р. 2017, urfu.ru, <https://elar.urfu.ru> > bitstream. Последнее посещение 25 апреля 2023 года.
-

УДК 93-94

МҰҒҰЛДАР ДЕГЕН – КІМДЕР? (Мұғ-мұғ ұлы, мого-могол, маг-магол сөздерінің түркілік мағынасы) КТО ТАКИЕ МОГУЛЫ? WHO ARE MOGULS?

Асылжан Дулати

тарихшы-деректанушы

ҚР Журналистер Одағының мүшесі

«Ш.Мұртаза атындағы руханият және тарихтану
орталығы» тарихтану бөлімінің меңгерушісі

Аңдатпа: Бұл ғылыми мақалада «Мұғұл» сөзінің түп-төркіні, қайдан шыққаны, қандай мағына бергені туралы баяндалады. 13 ғасырда әлемді жаулаған Шыңғысхан елінің Мұғұл атанып, оның тарихы тереңде жатқаны жайында тың деректермен зерттеледі. Қазақтың кең дархан даласында бір кездері «Мұғ», «Мық» атанған тайпалар өмір сүргендігі, олардың сонау Сақ дәуірінен бері жасап келе жатқан Ғұн, Үйсін, Қаңлы секілді мән-мағынасы ұмытыла бастаған ерте замандық тайпа атауы болғандығы жөніндегі деректер толық қамтылады.

Аннотация: В данной научной статье рассказывается о происхождении слова «монгол», откуда оно произошло и что означает. Страна Чингисхана, завоевавшая мир в 13 веке, стала монгольской, и по свежим данным изучается ее глубокая история. Имеются данные о том, что племена, называемые «муг» и «мык», когда-то проживали на просторах казахских степей, и что это были раннесовременные племенные названия, употреблявшиеся с сакской эпохи, такие как гун, уйсин, канлы, были забыты.

Abstract: This scientific article tells about the origin of the word «Mongol», where it came from and what it means. The country of Genghis Khan, which conquered the world in the 13th century, became Mongolian, and according to recent data, its deep history is being studied. There is evidence that the tribes called «mug» and «myk» once lived in the expanses of the Kazakh steppes, and that these were early modern tribal names used since the Saka era, such as gun, uisin, kanly, were forgotten.

АБУ РАЙХАН ӘЛ-БИРУНИ:

«Заратуштрадан кейін 1500 жылдан соң бүтін билікке магтар (мұғұлдар) келеді. Абу-Абд-Аллах-аль-Ади магтардың келетініне

сеніп, жұлдыздар мен планеталардың бірігуі арқылы болжам жасаған. Оның болжамынша Мұхаммед пайғамбардан кейінгі планеталардың 18-ші бірігуінде Магтардан

бір адам келеді. Ол барлық жер шарының билігін қолына алады. Ол арабтардың және басқалардың патшалықтарын жояды, елдерді бір дінге біріктіреді, бір билікке топтастырады, жауыздықты жояды»..

(Мұғ тайпасынан шыққан Шыңғысханның әлемді жаулап алатыны туралы айтқан сөзі)

МҰҒҰЛДАРҒА КӨЗҚАРАС

Кең байтақ сахарада сағым қуып, сары түске боялып жатқан түркілердің Ұлы Даласында қаншама атаулардың мағынасы өз шегінде зерттелмей түпсіз терең тұңғиықтың тұйығында бұғылып жатқаны бәрімізге белгілі. Тіптен, сонау ерте заманнан ұмытылмай қалай аталса солай айтылып бізге жеткенімен қазіргі таңда, олардың мән-мағынасы жүз пайызға өзгеріп кеткеніне көз жеткіземіз. Алайда, әлі де сонау түркілік дәуірден сақталып қалған сөздер мен атаулардың, жер-су аттарының түпкі өзегіне үңіліп қарайтын болсақ, түбі бір түркі халықтарының бәріне ортақ түп негізі боларлық тамырына жолығатынымыз байқалады. Бұл – заман көшіндегі жаңашылдықтың тыңнан түрен салған ұлы өзгерістерінің жаңа ғасырдағы бастамасы десек те, ол бастаманың өзеуреген өзегі сонау ерте дәуірлердегі бабаларымыз түркілердің ортақ тарихи мұрасында жатқанына сенімдіміз. Сонымен, біздің зерттегелі отырған тақырыбымыз ортағасырдағы әлемді дүлей күштей жайпаған мұғұл тайпаларының атауына қатысты болмақ. Шынында қазіргі уақытқа дейін бір де бір тарихшы немесе ғалым Шыңғысханның түрік-қазақ екенін дәлелдеп жазса да, ешқайсысы да Шыңғыстың дүниежүзіне таратқан түркілік атауы «Мұғұл» сөзінің мән-мағынасын зерттемеген екен. Бұл – осы уақытқа дейін қара шапанның астында қара көміліп жатқан термин ретінде қалып бара жатқаны өкінішті еді. Хош делік, бірақ, әрбір сөздің бір мағынасы да мәнін білдіретін сүбелі негізге айналған

тамыры да болу керек қой?! Ерте мен кеш пе әйтеуір бұл атаудың зерттелетіні ақиқат еді. Себебі, оның мағынасын білмей жатып, әлемде ондай халықтың бары мен олардың осындай атаумен әлемге танылғанын зерттеудің өзі түнісіксіз күйде қалар еді.

13 ғасыр әлем картасында үлкен өзгеріс әкелген тарихтың танымды тармағы болып қалғаны рас. Европа халқы әлі күнге дейін 13 санынан қорқатынын ескерсек, олардың шыбын жанын шоқтай шыжғырған 13 ғасырдағы Мұғұлдар кімдер еді? Дауылдай жер бетін жайпаған Шыңғысхан бастаған мұғұлдар сонау Қиыр Шығыстан европаның кіндік ортасы мен Африкаға дейін жаулап, өздерінің Дала заңына бағытталған темірдей тәртіптерін орнатты. Бір де бір ел мен мемлекет олардың қарсы алдына шығуға шамасы келмей, буыны ұстамаған қария жандай қалтырап, дірілдеп, еріксіз басын июге мәжбүр болды. Тіптен, мәжбүрледі десек те болады. Сонау жыл санауымыздың басынан бері қарай жан-жаққа шашылып жүрген және әртүрлі атаумен Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы, Түрік, Түргеш, Оғыз, Қыпшақ, Қимақ болып аталып келген түркілік тайпалар, ең соңында Мұғұл деген атаумен бір шаңырақтың астына біріге отырып, дүниені дүр сілкіндіріп, осы атты барша түркі баласының атауына айналдырып кетті. Алғашқы рет бұл атаумен Алтай тауын мекен еткен тайпалар сонау 9 ғасырда аталған екен. Бұл туралы Тибет пен Алтай түркілерінің арасындағы келісімшарт ретінде келісілген тасқа жазылған Тибеттік жазуда Мұғұлдар деген аттың алғаш кездескенін ғалымдар жазып жүр. Одан кейін Мұғұл атауы үнсіз өшіп барып, Шыңғысхан құрған алып империяның атауы болып бір-ақ шықты. Әлемге танылған бұл атау – бізге естілмеген, білмеген термин ретінде тарих сахнасында осылайша пайда болды.

Негізінен мұғтардың арғы тарихына көз жүгіртер болсақ, олардың тарихы сонау Сақ дәуіріне баратынына көз жеткіземіз. Сол бір

біздің дәуірімізге дейінгі мыңжылдықтарда Орталық Азияның иесі атанған мұғтар – парсы патшалығымен көп соғысып, парсылармен көп араласып кеткен. Тіптен, парсы әскерінің құрамына Сақтармен бірге барып, сол жерді мекендеп те қалған. Грек тарихшысы Геродот оларды Мидияның ірі тайпаларының бірі деп атаған. Ал, Мидия патшалағы орталық Азиядан барған түркілік тайпалардың одағы екенін қазіргі ғалымдар дәлелдеп жүр. Негізінен, Мидия патшалығы б.з.б. 7 ғ-дың 70-ші жылдарында пайда болған. Мидияның алғашқы патшасы Қиақсар патшаның (шамамен б.з.б. 625 – 584) тұсында ол Көне Шығыстағы ұлы державалардың біріне айналды. Қиақсар қазіргі Иранның солтүстік жерінде әскери реформа жүргізіп, Әзербайжан сақтарымен бейбіт келісім жасап, сол дәуірдегі гүлденген Вавилонмен күш біріктіріп, б.з.б. 607-605 жылдары Ассирияны талқандады, кейін Урарту мен Каппадокияны басып алды. Қиақсардың баласы әрі мұрагері Астиағ тұсында Мидияны парсы патшасы Кир жаулап алып (б.з.б. 553 – 550/49), Ахемен әулеті билеген парсы патшалығының құрамына қосты. Геродот өзінің аты шулы «Тарихында» сонау Египетке дейін Сақтардың жаулап барғанын және Мидия патшалығын құрған Қиақсарға көмектескенін жазады. Сол еңбегінің бірінші кітабында былай дейді: «Маэтиди көлінен Фасия өзенінің жағасына және Колхидаға дейін жақсы жаяу жүргінші үшін отыз күндік жол, ал Колхидадан Мидияға дейін алыс емес, ол жолда тек бір халық – саспейри бар және біз олардан өткен кезде біз Мидияға жетеміз. Алайда, скифтер, бұл жолдан өтпеді, одан ауытқып, Кавказ тауының оң жағына созылған жоғарғы жолды таңдады. Содан кейін мидиялықтар скифтермен кездесіп, шайқаста жеңіліске ұшырады, Мидиялықтар үстемдігін жоғалтты. Ал скифтер болса бүкіл Азияға өз билігін таратты» (104 бөлік). Әрі қарай: «Сол жерден олар Мысырға бет алды. Олар Сирия Палестинасына

келгенде, Мысырдың патшасы Псамметих оларға қарсы шықты. Ол скифтерге сыйлықтар беріп, өз дегеніне иландырып, оларды одан әрі бармауға көндірді. Содан олар шегініп бара жатқанда, Сирияның Аскалон қаласына соқты, скифтердің көпшілігі қалаға ешқандай зиян келтірместен өтті, бірақ, олардың кейбіреулері қалаға соғып Урания Афродита ғибадатханасын тонап кетті» (105 бөлік). «Сонымен, скифтер жиырма сегіз жыл бойы Азияны иемденді және олар өздерінің менмендігі мен озбырлығының арқасында бәрін тауға айналдырды. Бір жағынан олар жаулап алынған халықтардан алым талап етті, олардың әрқайсысы үшін алымды анықтады және алым жинап болған соң, олар атқа мініп, тарап, сосын тонап кетті. Сақтар Қиақсар мен Мидиялықтарды тойлауға шақырды, оларға ішкізді де ұнамағандарын өлтіріп тастады. Осылайша, мидиялықтар өздері болған елде өз билігін қайтадан қалпына келтірді және бұған дейін Нинді иемденді және Вавилон аймағын қоспағанда, Ассириялықтарды да жаулап алды. Содан кейін қырық жыл патша болған Қиақсар скифтердің үстемдігімен бірге қайтыс болды» (Геродот «Истории в девяти книгах». Книга-I «Клио». К.Наукова, думка, 1993. А.Билецкий: предисловие, перевод, примечания. 106 бөлік).

Міне, бұдан байқайтынымыз Мидия патшасы Қиақсар Сақтардың үстемдік етіп тұрған кезінде солардың демеуімен патшалығын құрғанын сезінеміз. Айтпақ ойымыз, осы Мидия патшалығын құрған тайпалардың бірі де Маг тайпалары еді, яғни, оларда Сақ-Түркі тайпалары болатын. Аталған деректерден сол дәуірдің өзінде Сақтар Египетке дейін жаулап алып, өздерінің көптеген тайпаларының парсы елдерімен араласып кеткендігінің куәсі боламыз.

Осы жерде Мекемтас Мырзахметовтың 2001 жылы 10 наурызда облыстық «Ақ жол» газетінде жарық көрген «Тұранның ұлы қағаны» атты мақаласынан үзінді келтіре

кеткен жөн сияқты: «Міне, осы құбылыстарды ескере отырып, біздің жыл санауымызға дейінгі VII ғасырда түрік тайпаларын біріктіріп, ұлы Тұран өлкесінде құрылған ұлы қағандық хақында сөз еткіміз келеді. Бұлар туралы тарихи жазба деректер көздері зороостризм дінінің қасиетті кітабы «Авестада» баяндалған. Тұранның ұлы қағаны Алып Ер Тоңа «Авестада» Афрасиаб атымен беріліп отырады. («Авеста». Тегераң 1991,1- 2 том) Евроцентристік танымдағы ғалымдар скиф, сақ деген халықтарды түркі жұртына қимай, ол парсы тектес деген ойды насихаттаумен келеді. Мақұл осылай-ақ болсын дейін десек, парсы жұрты табынып келген зороостризм дінінің қасиетті кітабы «Авеста» өздері Афрасиаб деп атаған Алып Ер Тоңаны парсыларға қарсы жау ретінде көрсетіп отырады. Тіпті ұлы ақын Фирдоусидің «Шаһнамасында» да Афрасиаб парсы жұртының жауы ретінде суреттеледі емес пе? Ал скифтер, сақтар индоевропалық тілде сөйлеген болса, солар жайлаған жерді уысында ұстап, қағандық билігін жүргізіп отырған Алып Ер Тоңа түрік тілінде неге сөйлейді?... Иранды тізе бүктіріп, өз билігінде ұстаған Алып Ер Тоңа қағанға тәуелді Иран шаһы Кейқысрау оны аса мәртебелі қонақ ретінде сарайына шақырып, қағанды опасыздықпен асына у қосып беріп, б.з.д. 626 жылы мерт етеді».

Сонда деймін-ау, сол иранға кеткен мұғмаг тайпаларын бір кездері Афрасиаб қаған да басқарып барғаны ғой?! Тағы да осы мақаласында Мекемтас ағамыз: «Алып Ер Тоңаның азан шақырып қойған аты Мадай екендігін де біліп отырмыз.. Ал, Алып Ер Тоңа оның халық атап кеткен мадақ аты екен. «Алып» деген сөз бүкіл түрік халықтарына ортақ мағынада айтылатын өте күшті батыр, қолбасшы баһадүр деген мағынаны береді екен» дейді. Тіптен, Мидия мемлекетінің бір кездері Мадаи, Мадая деп те аталғанын білеміз. Мұның барлығы Парсы тағына отырған Афрасиабтың шын атымен

Мадай аталып кетуі де мүмкін екенін жай ұқсастық деп ойламаймыз.

ТҮРКІ-МАГ ТАЙПАЛАРЫ, МАГИЯЛЫҚТАР (ҚАСИЕТТІ ТАС ИЕЛЕРІ, СИҚЫРШЫЛАР)

Осы Мидия патшалығын құрған тайпаларды Гректің тарихшысы Геродот өзінің (Геродот «Истории в девяти книгах». I книга «Клио». К.Наукова, думка, 1993 г. А.Билецкий: предисловие, перевод, примечания) атты еңбегінде Магтар, маг тайпалары деп атап және олардың Шығыс Азия мен Әзірбайжанның оңтүстік өлкесінен келгенін жазады. Ол магтардың жадылау, сиқырлау өнеріне таң қала отырып, бұларды сиқыршылар деп те жазған екен. Шын мәнісінде біздің бабаларымыз түркілер де сиқырлау өнерін мықты игергенін ортағасырлық көптеген тарихшылар жазып кеткен. Сонымен, Геродоттың жазбасына көңіл бөліп көрейік. Ол өзінің тоғыз томдық еңбегінің бірінші кітабында парсылар, мидиялықтар, лидиялықтар туралы естіген, көргенін жазады. Осы еңбегінде алғаш Мидиялықтардың өз алдына патшалық құрғанын және оның алғашқы патшасы Фраорта ұлы Деиок болды дейді. Аталған еңбегінде: «Сонымен, Деиок бүкіл Мидия халқын біріктіріп, оған билік етті. Бұл халық көптеген тайпалардан тұрды, атап айтқанда: бустар, паретакендер, струхаттар, аризанттар, будиялар мен маг тайпалары. Мидия тайпаларының құрамы осындай болды» (Геродот «Истории в девяти книгах». I книга «Клио». К.Наукова, думка, 1993. А.Билецкий: предисловие, перевод, примечания. 101 бөлік) деп, олардың ішінде маг тайпалары барын айтады.. Осылайша Деиок құрған Мидия патшалығының әрі қарайғы тарихын, олардың парсылармен соғысқанын суреттейді. Осы жазбасында кәрі тарихтың қарт суретшісі Деиоктан соң билік Қиақсарға өткенін, одан оның ұлы Астиғқа қалғанын хабарлайды. Осы Асти-

ақтың Маданна атты қызы болады. Маданна туралы әкесі бір күні түс көреді. Сол түсінде қызы улы зәр шығарып, Астиақтың қаласын ғана емес, бүкіл Азияны басып қалғанын көреді. Содан шошып оянған Астиағ, бұл түсін жорыту үшін дуақантпен айналысатын Маг тайпаларын шақырып, соларға айтады. Магтар оған парсының орташа дәулетті бір кісісіне үйлендіріп құтылуын ұсынады. Сонымен, бойжетіп өскен Маданнаны парсының Камбис атты адамына үйлендіреді. Қызы үйленгеннен кейін де Астиағ бір түс көреді. Түсінде қызынан туылған бала тікенекті гүлге айналып, оның тікенегі бүкіл Азияны жауып тұрады. Тағы да осы түсінен қорыққан ол Магтарды жору үшін өзіне шақырады. Сонда магтар: «Қызыңнан туған бала ер жеткен соң әлемді билеп, сенің де тағыңа қол салады», деп жорып береді. Не керек, сол бала аяғында парсының ұлы патшасы Кир болып шығады.

Міне, Геродоттың жазбаларында осындай қызықты оқиғалар орын алған. Сол заманның өзінде тек Маг тайпаларынан басқа ешқандай ру дуақантпен, жадылаумен, сыйқырлықпен, түс жорумен айналыспағанын көріп тұрмыз. Бұл көріпкелдік біздің халқымызда сол ата-бабамыздан жалғасын тауып әлі күнге дейін келе жатыр. Дәл осындай дуа жасаушылардың Түркі қағанаты кезінде болғанын да дәл осылардай аспаннан қар, жаңбыр, бұршақ жаудыра алатынын Л.Гумилев өзінің «Көне Түріктер» атты еңбегінде тәптіштеп айтып береді. Аталған еңбегінде: «Юебань туралы хикаяда күнді суытып, жаңбыр жаудыра алатын дауқант жайлы сөз болады. Жужандармен соғыс кезінде Юебанның дуақанттары қарлы боранды шақырып, оны Жужандарға қарай бағыттап жібереді, сосын жужандар ішінде суықтан үсігендер саны көбейіп кетеді де, олар жорықты тоқтатып, кейін қарай тайып тұрады» дей келе Аварлар мен франктердің соғысы кезіндегі Авар дуақанттарының іс-әрекетін жазады: «Аварлар франктермен

соғысып жатқанда, авар дуақанттары күнді күркіретіп, қара дауыл шақырады, сондай найзағай франк лагеріне соғыс жай түсіреді де, олар жеңіліп қалады» (Л.Гумилев «Көне Түріктер». Алматы «Білім» баспасы, 82 бет) деп түркілердің сыйқырлау ісімен бұрыннан айналысатын жалғыз ел екенін жазады. Қытайдың бес мың жылдық тарихты жазған деректерінде түріктер туралы, олардың шыққан тегі жөнінде деректер көптеп кездеседі. Өйткені, қытайдың ең басты жауы да, қарсыласы да, қорқынышы да түркілік тайпалар еді. Сол себепті олар түркіттердің немен айналысатынын, қайдан шыққанын, былайша айтқанда бүкіл салт-дәстүрін теріп отырып хаттарына түсірді. Сол жазбалардың ішіндегі «Жоунама 50 бума, 42 баян, Түрік» бөлімінде: «Түріктердің арғы аталары Ғұндардың солтүстігіндегі Сақ елінен шықты. Олардың ұлыс басы Адам бек деп аталды. Олар он жеті ағайынды еді. Оның бірі Іді Нышида еді, ол қасқырдан туды. Нышиданың табиғаттың өзгеше құбылысын сезетін қасиеті бар еді. Ол күнді жауғызып, жел соқтыра алатын еді» («Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері» Алматы «Өнер» баспасы, ауд: Ж.Мырзаханұлы, Ә.Ақыштайұлы, К.Қайыржанұлы, Ш.Ахметұлы. 36 бет) деп, асылтекті Түркі қағандарының түп атасы болған тұлғаның да сыйқыршылықты, дуақантты игерген жан екенін айтыпты. Тағы да «Оңтүстік әулеттер тарихы, 79 бума, 69 баян, батыс өңірдегі елдер» тарауында: «Олардың еліндегі жадашылар күнді жайлатып, ілезде алай-дүлей қарлы боран соқтыра алады. Әп-әзір ашық тұрған күн артынша лайсаң нөсерге айналды да, жеңіліп қашса да оларға ешкім жете алмайды» («Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері» Алматы «Өнер» баспасы, ауд: Ж.Мырзаханұлы, Ә.Ақыштайұлы, К.Қайыржанұлы, Ш.Ахметұлы. 81 бет) дей отырып, барша түркілердің осындай қасиеттерін сыйпаттайды.

Еңбектерді оқып отырып, түркілер туралы қай дерекке қарасаңыз да барлығы да осындай сыйқырлық қасиеттердің тек түріктерде ғана бар екенін жазады. Міне, бұдан аңғаратынымыз - Мұғ, маг тайпалары да осы түркінің аталары, болмаса ұрпақтары екенін санамызға салып тұратыны. Себебі, осындай дауқанттылықты алдыңғы Азия елдерінде тек маг тайпалары ғана игергенді. Осы қасиет Маг-мұғ тайпалары арқылы сонау ескі замандарда алдыңғы Азия елдеріне тарап, гректер олардың тайпалық аты Маг атауымен магия - сыйқырлау деген терминді әлем мифологиясына енгізіп жіберді.

Тіптен, бұл түркі-мұғ тайпаларының осы сыйқырлау қасиеттерін ортағасырлық арап тарихшылары да үздіксіз таң қалумен өздерінің еңбектерінде жазып, өз елдерін хабардар етіп отырған. Солардың бірі Ибн Әл-Факих өзінің «Китаб ахбар ал-булдан» атты еңбегінде де түріктердің сиқырлау мен жаңбыр, қар, тағы басқа нәрселерді жаудыра алатын тастары туралы айтады. Аталған еңбекте: «Абу-л-Аббас Иса ибн Мухаммед ибн Иса ал-Мервези бізге былай деп айтты: біз Хорасанның шекаралас аудандарында, өзеннің ар жағындағы (яғни, Мавераннахрда) және сол елдерге іргелес басқа да аймақтардағы - оғыздар, тоғызғұздар мен қарлұқтардан көп қызықтарды естуді тоқтатқан жоқпыз, ал олардың (қарлұқтардың) өз патшалығы бар және олардың өз жауларына деген өте жоғары және күшті менмендігі бар. Сонымен қатар, сол түріктердің өз арасында саяхаттап жүргенде немесе басқа да жағдай бола қалған жағдайда жаңбыр жаудыратындар бар және олар өздері қалаған нәрсенің бәрін - жаңбыр, қар және т.б. жаудыру үшін оларды шақыра алады» (пер. С.Л.Волин. Арабские и персидские источники. М.-Л. АН СССР 1939 г) дейтін құнды дерегін келтіреді. Енді осы тастың жаңбыр жаудыра алатын қандай күші бар екенін және оның қайдан пайда болғаны туралы қызықты мына бір дерекке көз жүгіртіп көрейік.

1419-1425 жылдары Әйгілі Ақсақ Темірдің тарихына арнап жазған Шараф ад-дин Әли Иезидидің «Зафарнама» атты еңбегінің ішінде құнды мәліметтер бар. Сол мәліметті осында толық келтіргім келіп тұр. «Сосын, жер жүзін Нұхтың ұлдарынан және (олардан тараған) ұрпақтар жайлаған кезде, олардан (ұлдан тараған) әрбір ұрпақ пен әулеттің ортасында көркем заңдар мен әдемі қағидалар пайда болды. Және күдіреті күшті Алла тағала олардың ділдеріне (көкейлеріне) аян беріп патшалық құрып, ел басқаруға қатысты ғұрып пен әдет қалыптасты. Сосын, Яфас Жуди тауының баурайынан шығысқа қарай жол тартты. Сонда ол әкесі Нұхтан оған қайырлы дұға жасауын, яғни, ол Алла тағаладан жаңбыр жаудыруды сұраса, жаңбыр жауатын болуын сұрады. Нұх (а.с.) (Алладан аян болған) «Исм Ағзамды» үйретті және ол «Есімді» тасқа кашап жазып, Яфасқа берді. Осы мұғжизадан Яфас қашан жаңбыр жаууын қаласа, (дереу) жаңбыр жауатын еді. Ендеше, ол (мұғжизалы) тас осы күндерде түріктердің ортасында (құпия сақталуда). Оны «Саң йада» (қол тас) және «Хажар ал-матар» (жаңбыр тас) деп атасанды, ал түрікшесі «Жада таш» (жаңбыр тас). Және оның (жаңбыр тастың) қиссасы (халық арасында) белгілі де кең танымал. Содан кейін Яфас Түрік ықлымында көшпенділік үрдісімен өмір сүрді. Және ол дұрыс «рүсүмдер» (шариғат жолын) және көркем ғұрып-әдеттерді қауымының арасында орнатты. Сосын, оның ұрпақтары көбейген кезде ол өзі өмір сүріп жатқан сол өңірлерде Хақтың (Алла тағаланың) рахмет құшағына көшіп, дүниеден өтті» (Түпнұсқадан аударып, түсініктеме жазғандар: Оразбай Зәріпбай Жұманұлы, Оразбаев Мухаммедзафар Зәріпбайұлы. «Тарих-и жахангир» (Әлемді жеңіп алушының тарихы) (XV ғ.). Көп томдық. Нұр-Сұлтан: «Ғылым» баспасы, 2021. 9 бет).

Біздің мұндағы айтпақ ойымыз тек, жаңбыр жаудыратын тас туралы ғана емес, сол

қасиетті тастың пайғамбарлардың атасы саналатын Нұқұлы Яфастан тараған түркі халқында қалғанында еді. Ал, өздерін пайғамбарлар ұрпағы санайтын араптар мен осы тасқа сенбейтін өзге халықтардың Түріктердің осындай кереметтеріне қарап, оларды жадылаушылар немесе сиқыршылар деп атап кеткендігі. Түркі руларының осы бір тылсым күштерді игере білгенінің арқасында араптар да, парсылар да, гректер де бұларды сондай көзқараспен қабылдады. Яғни, Мұғ атауымен аяғында Мұғ-маг-мог деп түрлене аталып келіп, «Маг-магия» - «Сиқыршылар» деген атаулармен әлемге танылып кетті. Және осындағы бір ескеретін нәрсе, адам баласы тарап шыққан жалғыз Нұқ пайғамбардың ұлы Яфастан тараған түркі әулетінде ғана қалаған уақытында жаңбыр, қар, бұршақ жаудыра алатын қасиетті тастың сақталып қалуы әрі осыған қарап отырып, Түріктердің де Құдайдың сүйікті ұлдары болғанын аңғаруға болады. Тіптен, соңғы Ислам діні түскен араптардың өзіне де мұндай қасиет берілмепті.

Мұндай қасиет тек түркіде ғана бар. Ол мұғ аталатын тайпаның қолында қалған. Мұғ туралы өзінің өлеңдеріне арқау еткен ортағасырлық ғұлама, ақын Әлішер Науаидің ғазалдарынан бір шумағын келтірейін:

Мальчик-маг, когда пируют люди
 знанья в кабачке,
 чашу первую ты должень поднести
 безумцу, мне.

Аудармасы:

Сиқыршы бала, білімдар адамдар
 тойханада тойлағанда,
 Бірінші кесені, сен мына маған
 әкелуің керек.

(Алишер Навои. Сочинение в 10 томах. Издательство «Фан» Узбекской ССР. Ташкент 1968 г. 1-том. 11 бет)

Ал, енді осы жерде айтқым келген ойым, қазіргі тілде «маг» сөзі Геродоттың сөзімен орыстарға еніп, «Маг, магия – сиқырлау» деген сөзге айналып кеткен. Яғни, орыс-

шаға аударсаң «Сиқырлау» деген мағынамен аударылады. Бұл қазіргі мағынасы деп түсініңіздер. Сонда сол кезде Түркінің ғұламасы үшін бұл сөз сиқырлау деген мағына берді деп ойлайсыздар ма, әлде, Әлішер ақын оның мағынасын білмеді деп ойлайсыздар ма? Әлішер Науаидің оның мағынасын бізден жақсы білді. Сонда өлең: «Сиқыршы бала емес, Бөрі бала, бөрі текті рухты бала» деген мағынада айтып, яғни, түркілердің рухын көтеріп тұрғанын сезуге болады. Ал, Әлішер Науаидің өзінің барлық өлеңдерін тек түркі тілінде, ана тілінде жырлаған ақын екенін ойға алсақ, онда ол түркі сөздерінің мәні мен мағынасын өте жақсы білген ортағасырлық түркіден шыққан ғұлама екеніне шек келтіре алмаймыз.

Міне, осылайша арап пен парсы әлеміне сиқырлау, жадылау өнерімен танылған түркі халқынан олардың есі кете қорықты. Оны көптеген ортағасырлық тарихшылар мен жиһангездердің пайғамбарымыз Мұхаммед с.а.у айтты дейтін түріктер туралы хадистерінен білуге болады. Ортағасырлық тарихшы Абу Осман ибн ал-Джахиз өзінің «Послание ал-фатху бин хахану о достоинствах тюрков и остального халифского войска» (пер. Ф.М.Асадова. Текст воспроизведен по изданию: Арабские источники о тюрках в раннее средневековье. Баку. 1993 г) атты еңбегінде түріктерді мақтай келе, олар туралы пайғамбарымыз Мұхаммедтің айтқан хадистері мен сол дәуірдегі атақты тұлғалардың аузынан шыққан асыл сөздерінен мысал келтіреді. Аталған еңбектен алынған хадис-сөздерді ретімен тізбектеп келтірсек:

«Әл-Хумайдтың айтуы бойынша: Әлемде түріктердің әскерлерінің бірігуі мен жалпы қолбасшылық қасиеттерінің арқасында соғыстарымен зиян тигізбеген бір де бір халық жоқ» дей келе: «ал-Мамун былай дейді: Хумайдтан гөрі түркілерді ешкім әділ бағалай алмайды. Хумайд Хорасан мен Арабта екі жақпен де бір уақытта соғысты, оның

сөздерінің дұрыстығына күмәндануға негіз жоқ».

«Ал, Кутейба ибн Мүслим былай дейді: «Олардың Отанға деген сүйіспеншілігі түйенің туған жерлеріне деген сүйіспеншілігінен гөрі күшті» деп нақтылай түседі. Және пайғамбарымыз айтты деген бірнеше хадисті келтіреді:

«Түріктерге, олар сізге қол тигізбейінше өзіңіз қол тигізбеңіз. Түріктер менің халқымның иеліктерін бірінші болып жаулап алады».

«Олар біздің ата-бабаларымыз жайлаған жерге дейін жетеді».

«Түріктер Ирак халқын өз елінен қуып шығарады».

«Кішкентай көзді, жалпақ мұрынды, қызыл жүзді түркілер әлемді жаулап келмейінше қиямет қайым болмайды».

Сол кезде Сайд былай деді: «Түркілерді қуып жету мүмкін емес, олардан бай олжаны да тартып ала алмайсың. Егер сіз түрікті жараласаңыз, оның басын кесіп тастаңыз, өйткені олар өлімші болып жатса да саған қайта шабады».

Міне, Әл-Джахиздың түркілер туралы және олардың батырлығы мен қайтпас-қайсарлығы жөніндегі арабтардың айтқан тамаша сөздері мен пайғамбарымыздың хадистерінен келтірген еңбегі біз үшін қандай құнды дерек десеңші?! Тіптен, әлем халқы қорыққан түркілердің абырой-атағына ешкім дау айта алмайтынына көз жеткізіп отырмыз. Әл-джахиздың айтуы бойынша арабтар арасында мынадай да ұранды сөз бар екен: «Түріктер сіздермен тату болып тұрғанда, олармен тату болыңыздар. Бұл барлық арабтардың келісімі. Тек осындай қатынаспен ғана біз бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтаймыз».

СПИТАМА-ЗАРАТУШТРА - МҰҒҰЛ ТАЙПАСЫНАН ШЫҚҚАН ТҮРКІЛІК ТҰҢҒЫШ ПАЙҒАМБАР

Тарихта аты ұмытыла бастаған мұғ-маг тайпаларының мыңдаған жылдардан соң қайта жарқырап шығуы – әлем аренасында біз ойлағаннан да жоғары дәрежеге көтерілді. Шыңғысхан бастап сонау ескі замандардан қайта тіріліп әкелген ұлыстардың ортақ атауына айналды. Осы күнге дейін көптеген тарихшылар мұғұлдар туралы зерттегенде тек, Шыңғысхан құрған империяны зерттеумен ғана шектелді. Ал, маг тайпаларын олардың арғы бабасы ретінде зерттеу және олардың түркі екенін дәлелдеу мәселесі көп ғалымның ойында болмапты. Әрине, бұл еуропалық тарихшылардың түркі халқын бөлшектеп, түркінің әр руын әр ұлтқа теліп жазған тарихының әсері болып, соның кесірінен бәріміз де сол тарихты солай екен деп сенгендігімізден де шығар?! Бірақ, ақиқат әрқашан ашылатыны рас қой. Ал енді осы мұғ тайпаларының тарихи желісі ретінде жалғасын тапқан ұзын-сонар тарихтың ішінде парсылық саналып жүрген Заратуштра пайғамбар туралы не білеміз? Оның да осы маг тайпасынан екенін, яғни, түбінің түркілік болғанын кейбір тарихшылар жазып жүр. Оны зерттемес бұрын маг тайпасының кімдер болғанын шамалы талдап алайық.

Тәжікстандық ғалымдар Саидмурод Бобомуллоев пен Насрулло Убайдуллоевтың «Таджик в исторических источниках и трудах исследователей» атты еңбегінде: «Геродоттың айтуы бойынша Мидия тайпаларының бірі магтар болған. Олар өздерінің рулық ұйымын сақтай отырып, Ахеменидтердің қол астында діни топ, әр түрлі салт-жоралар мен қарғыстар жасаған кәсіби діни қызметкерлер болды. Магтардың негізгі құрбандық жануарларының бірі жылқы болды» (Душанбе, 2018 ж, «Дониш» 21 бет) деп жазады. Осы бір Геродоттың жазбасынан аңғарсақ сол кезеңдерде Түркілерден

басқа ешкім жылқыны құрбандыққа шалмайтыны және жылқы ғана түркілердің негізгі асы да малы да болғанын байқауға болады. Сонымен қатар, Мидия патшасының есімі де нағыз түркі есімі екенін (Қиаксар, Астиағ) аңғарамыз. Олардың сиқырлау, жадылау өнерінен және Мұғ деген сөзді Маг деп атаған сөзінен кейіннен орыстардағы маг, магия сөзі келіп шықты. Себебі, гректер сиқыршылықпен, дуа жасаумен айналысқан Мұғ тайпаларын өз тілдеріне ыңғайлап Магтар деп атап кеткен-ді. Осы Мұғ-Маг тайпалары Заратуштра бастаған діни жолды ұстана отырып, оны бүкіл парсы жеріне таратты. Ол жерден әлемнің барлық жеріне тарайды. Әбу Райхан әл-Бируни өзінің «Индия» атты еңбегінде: «Ежелгі уақытта Хорасан, Фарс, Ирак, Мосул және Сирия шекарасына дейін будда дінін ұстанған. Кейін Заратуштра Әзірбайжаннан шыққан соң оның ілімі Парсы патшасы Гуштаспаға ұнады. Оның ұлы Исфандийад бұл ілімді Шығыс пен батыс елдерінде күшпен және бейбіт жолмен тарата бастады. Ол Қытайдан Ар-Рум шекарасына дейін от храмдарын тұрғызды. Оны Таратушылар магтар(мұғтар) деп аталды» дейді. (Москва «Ладомир» 1995 ж. 66 бет). Бирунидің айтуы бойынша Заратуштра Ескендір Зұлқарнайыннан 258 жыл бұрын өмір сүрген екен. Сонда шамамен б.д.д 600 жылдарға келеді. Бұл кезең Мекемтас ағамыз айтқандай Афрасиабтың заманы еді. Сол тұста мұғ тайпасының ақсүйек тобынан шыққан Заратуштра өз дінін дүниеге әкеліп, тарата бастайды. Аталған деректерге қарап отырып, Заратуштра көне түркі халықтарының тұңғыш пайғамбары екеніне және мұғ атауының да ежелгі түркі тайпаларының атауы болғанына көз жеткіземіз.

Және де Парсылардың қасиетті кітабы саналған «Авеста» да парсылардікі емес, маг тайпасынан шыққан Спитама-Заратуштра жазғанын екінің бірі біле ме екен? Бұл туралы ортағасырлық ғалым Әбу Райхан әл-Бируни өзінің «Памятники минувших поколений»

атты еңбегінде былай дейді: «Заратуштра Сефид-тұманның ұлы, Азербайжандық. Ол патша Менучихрдің ұрпақтарынан шыққан және магтардың асыл отбасыларының мүшелеріне, олардың ақсүйектер тобына жататын. Заратуштра өзімен бірге Авеста деп аталатын кітапты алып келді. Ол барлық басқа халықтардың тілдерінен өзгеше тілде жазылған және ерекше түрде құрылған.....» (Перевод М.А.Салье. Ташкент-1957 ж. Академии Наук Узбекской ССР. 205 бет.). Міне, Заратуштра пайғамбардың Маг тайпасынан екендігі және ақсүйектер тобына жататыны нақты айтылған. Және әкесі Сефид-тұманның есімі де түрікше екені, сонымен қатар, оның ақсүйектік Тұман деген лауазымы да түркілердің Тархан секілді атақтарының бірі болғанын бәріміз білеміз.

Осы жерде Хамза Көктәнді ағамыздың Шыңғысхан туралы жазған ғылыми-зерттеу кітабынан қызықты деректі ұсынғым келіп тұр. Ол кісі өзінің 1-кітабы, Алматы «Қасиет» баспасынан 2020 жылы шыққан «Алтын төркін» деп аталатын еңбегінің 252 бетінде: «Көптеген ықтимал қисынды ойларды салыстырып қарағанда Афрасиаб есімі, оның даңқы Шыңғысханға өте танымал болған. Бірақ, Шыңғысхан Афрасиаб жатқан жерге қарағанда Заратуштра пайғамбар жерленген жерді, ежелгі арилықтардың киелі мекенін асқан құштарлықпен, табандылықпен іздеген. Ең соңында Спитама-Заратуштра пайғамбар осы жерде жерленген деген жобамен қазіргі Зеңгі баба тұрған жерге алғаш рет белгі тұрғызған» деп, мұғұлдардан шыққан Заратуштра пайғамбарды Шыңғысхан өзінің арғы бабасы ретінде қатты іздегенін жазады. Және де Заратуштра пайғамбардың дінін ұстайтын мұғұлдар туралы осы еңбектің 253 бетінде: «Зороастризм дінінің бір тармағын ұстанатын монғолдар өте қасиетті мекен ретінде Заратуштра қабірін асқан құштар махаббатпен іздеді» деп тұжырым жасайды. Ал, ғалым, археолог Уахит Шалекенов ағамыз өзінің «Орталық Азиядағы

Ариилердің өркениеті» деген еңбегінде: «Қазіргі ғалымдардың көпшілігі «Авестаны» б.з.б. II мыңжылдықтың бірінші жартысында Орталық Азияда не Солтүстік-батыс Ауғанстан мен Солтүстік-шығыс Иранға көрші аймақтардың бірінде пайда болды деп есептеп келген. Қазіргі археологтар бұл пікірді анықтап, ариилықтардың өмірін сәулелендіретін «Авеста» Орталық Азияда, нақтырақ Хорезм жерінде жазылған деген пікірді С.П.Толстов өткен ғасырдың 40 жылдарында жазған болатын. Ғұламаның осы пікірін қуаттайтын археологиялық жәдігерлер кең көлемде Қазақстаннан табылып жатыр. Осы деректерге қарағанда, ариилердің пайда болған орталығы Алдыңғы Азия емес, Орталық Азия» (Алматы «Қазақ университеті» 2011. 7 бет) деген ойында да Авестаның Орталық Азияда жазылғанын және археологиялық деректер де соны дәлелдегенін айтады. Және тағы да осы кітаптың 9 бетінде: «Парсылардан шыққан ғұламалар түрік тілін жақсы білсе, түрік ғұламалары да сондай парсыша жазған, сөйлеген. Сондықтан, бізге жеткен «Авеста» кітабы ертедегі түркі тілінен парсы тіліне көшірілген болуы да мүмкін» дейді. Біз мұны не үшін айтып отырмыз, ондағы ойымыз осы «Авеста» кітабын жазған мұғ тайпалары, солардың ақсүйек тобынан шыққан Спитама-Заратуштра еді. Тағы да осы еңбектің 21-22 беттерінде: «Бірақ бәрінен қызығы Герцфельдтың пікірі, ол Эранвез бен Тұран – бір мемлекет, Түркістанда жайласқан, бұл жерде Иранға көшіп кетуден бұрын мидиялықтар мен парсылар өмір сүрген. Бұл ежелгі замандарда жер жанаты болып, кейіннен ауа райы өзгерген және табиғаттың 22 осы құбылысы елдердің ұлы қоныс аударуына, көшіп кетуіне себеп болған. Эранвез солайша ариилер мемлекетінен Тұран мемлекетіне айналған деген дәйектеме ұсынады. Шындығында Авестада Тұран атауы кездеседі. Сонымен бірге ариилықтар осы өңірден өздерімен төтем-тәңірлерді Еуропаға алып келіп, кейін-

нен грек мифологиясының тұтас дастандарын тудырады...» дейді. Мұндағы Эранвез деп отырған мекен Авеста кітабында айтылатын халықтардың отаны. Герцфельд ол мекенді Тұран жері, яғни, қазіргі Түркістан аймағы деп дәлелдеп жазған. Міне, мұғ тайпаларының да арииліктермен және мидиялықтармен бірге Түркістаннан Персияға көшіп кеткенінің айғағы.

Мысалыға, әлі күнге дейін қазақтар арасында жадылау, сиқырлау, жаңбыр жудыру, тасаттық жасау, отпен аластау, отқа май құю деген сияқты көптеген салт-дәстүрлердің барлығы да сонау ерте замандағы Спитама-Заратуштра пайғамбар дәуірінен жалғасып келе жатқан діни ғұрыптар болатын. Зороастризм дінінің біздің түркі халықтарының да негізгі діні болғанын білеміз. Себебі, Заратуштра пайғамбар өзінің «Авеста» діни кітабында өмірдегі жаман-жақсының барлығы да тек бір Тәңірдің қалауымен болатынын, соған жалбарыну керек екенін айтады. Сонымен қатар, сол діни кітапта да құдайға жалбарыну барысында «Аши» атты қасқырдың әрқашан көмектесетінін, мұны қолдап отыратынын, өзінің құдай тарапынан берілген нығметтері мен қасиеттерін бір Тәңірдің (Ахура Мазда) қалауымен істеп жүргенін айта келе, осы жолда бөрінің де оған байланыс орната шығатынын айтады. Бұдан не аңғаруға болады? Әрине, аңыз деп те қарауға болар, бірақ, түркілердің атам заманнан өзінің тек түбірін Бөрі емізіп өсірген баладан бастайтынын қалай ұмыта аламыз? Кез-келген түркі аңыздарының барлығында да осы бөрі жүреді. Атақты Оғыз қаған да жауға шабарда түсіне бөрі кіріп, алдында жол бастайтынын айтпаушы ма еді? Мұның бәрі жайдан-жай ұйқастық бола қоймас?! Тіптен, Парсылардың біздің бабаларымызды «Сақтар» деп атағаны, ал оның мағынасы «бөрілер, иттер» деген мағына береді деп Салғара Қойшығара ағамыздың жазғаны да бар. Әлем халықтарының ішінде дәл Түркілер сияқты бөріні қатты

құрметтейтін ел жоқ. Бұл дегеніңіз – өзінің түп төркінін қасқырдан шығаратын түркі елінің қай жерді жауласа да сол жерлерге өздерінің осындай қызық аңыздарын тастап кетуінен туындаған жағдай еді. Міне, Заратуштра пайғамбар да осылайша өзінің құдай жолындағы жаман-жақсылы істерінің даму барысында «Аши» атты бөрімен сөйлесіп, байланыста жүретінін келтіреді. Бұл да оның тегі бөріден шыққанын білдіретін бір құбылыс деп ойлаймын. Және де ол атап отырған бөрінің аты да «Аши» деп аталады. Бұл сонау әлемді жаулаған Түркі қағанатының негізі болып саналатын Ашина қасқырмен ұқсастығы, сосын осы түркі дәуірінен мың жыл бұрын өмір сүрген «Аши» бөрінің мың жылдан соң Түркінің Ашинасына айналып шыға келуі де қисынды қызық жайттар емес пе?

Аңыз – ақиқаттан туады. Бірақ, уақыт өте келе оның да ескіретіні, ұмытыла бастайтыны тағы бар, бірақ та, халық өз тегінің мындаған жылдар өтсе де негізгі мазмұны мен шыққан түп атасын ұмытпақ емес, себебі, түркі халқында баладан-балаға ата-тегін шежіре-аңыз етіп айтып отыру дәстүрі мықты қалыптасқан. Осының арқасында біз өз тегімізді ұмыта алмаймыз. Халықтың шын мәніндегі нағыз жоғалып кетпеу тетігінің түп тамыры осы болса керек.

Мық, Маг, Мұғ - Библиядағы Гог

пен Магог,

Құрандағы Яджудж бен Маджудж халықтарының түркілік атауы

Ендігі сөз бұл «Мұғ» тайпалары туралы Еврейлердің Библиясы мен арабтардың Құранында да айтылатын атауларға байланысты болмақ. Библияда олар Магог және гог деп, ал, құран тілінде Яджудж және Мажудж халқы деп аталады. Йаджудж бен Маджудж - Гог пен Магогтың библиялық атаулары, яғни, екеуі бір халықтың атауы деп түсініңіздер.

Аталып отырған мифтік тайпа саналатын елдердің негізгі мекендейтін жерлері Азия

мен оның солтүстік бөліктері болып саналады. Яғни, олардың мекендері орталық, солтүстік Қазақстан, Алтай, Монғолия жерлері екенін көп тарихшылар айтып кеткен. Соның бірі 13 ғасырда өмір сүрген Сириялық тарихшы Шамс ад-дин ас-Суфи ад-Димашки еді. Ол өзінің ««Нухбат ад-дахр фи ‘аджа’иб ал-барр ва-л-бахр» («Выборка времени о диковинках суши и моря»)) атты кітабында әлемнің жеті климатқа бөлінетінін жаза отырып, ондағы халықтардың тұратын мекендерін жазады. Сол еңбекте: «Шығыстың алыс шектерінен Батыстың алыс шектеріне дейінгі жер ұзындығының ұзындығы шамамен үш жүз өткелді құрайды. Оның енінің ұзындығы, солтүстік жағындағы елді мекендерден яғни, бұл Магог пен Гогтың мекендейтін жерлері, сол жерлерден оңтүстік жағындағы елді мекендерге дейін және одан ары қарай Қаралар (Африка) тіршілік ететін ортаға дейін - екі жүз жиырма өткел» (пер. В.В.Матвеева. Текст воспроизведен по изданию: Древние и средневековые источники по этнографии и истории Африки южнее Сахары. Т. 4. Арабские источники XIII-XIV вв. Восточная литература. 2002) деп, Маг тайпаларының территориялық жерлерін нақтылай түседі. Және ол халықтардың Түркі халықтары екенін білдіре отырып, оларды: «Нұхтың баласы Яфеттің ұлдары мен балалары болып саналатын олар – Түркілер, Магог пен Гогтар және славяндар» деп шежірелеп таратады. Яғни, діни кітаптарда бұларды мифтік тайпаларға санайды. Бірақ, құранда айтылғандай Зұлқарнайын осы маг тайпаларымен соғысып, өз елін олардан қорғау үшін екі елдің арасына үлкен бекініс-қорған салады. Зұлқарнайынның бетін қайтарған тайпа да осы магтар еді. Ал, мұның дәлелі ретінде Грек жазбаларында, парсы жазбаларында Зұлқарнайынның жаулап ала алмаған елі Сақтар дейді. Сонда Сақ та, Маг та бір тайпа болып, тарихшылардың айтып отырған елі түркілер болып тұр ғой?! Өйткені, Македонскийдің туын құлатып, сағын

сындырған Сақтардан басқа ешкім емес еді. Бұл бекініс-қорған әлі күнге дейін тарихта «Темір қақпа» деп аталады және Тәжікстанның таулы қыраттарында орналасқан. Сонымен қатар, осы қорғанның салынумен парсы-араптар мен түркілердің шекарасы мәңгілік белгіленгендей болды. Түркі қағанаты кезінде бабаларымыздың «Темір қақпаға» дейін жауладық деп жүргені осы қорған болатын. Бұл Темір қақпа туралы 630 жылдары Қытайдан шығып, Үндістанға сапар шеккен қытай монахы Сюань Цзян өзінің жазбаларында көзімен көрген осы қақпаны жазып кеткен екен. Ол өзінің «Күнделіктер» деген еңбегінде: «Темір қақпаның екі жағы бірдей құлама беткейлі биік тау, тау аңғарында кішігірім соқпақтар болғанымен, бірақ онымен жол жүру қиын да қатерлі. Тар соқпақтардың екі жағы құлама жартастар, олар темір түстес болып келеді. Тау сағасына үлкен қақпа орнатылып, ол темірмен бекемделген. Үлкен қақпаның басына көптеген темір қоңыраулар ілінген, қақпа еңселі әрі бекем болғандықтан Темір қақпа деп аталып кеткен» («Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері» 1-том. С.Сұңғатай, Б.Еженханұлы. Алматы «Дайк-Пресс» баспасы, 2005 жыл) дейді. Міне, Қосмүйізді Зұлқарнайынның салдырған Темір қақпасы!

Ал, Зу-л-Карнайи (Қос Мүйізді) - Александр Македонский, Шығыста осы лақап атымен белгілі болған тұлға. Ол б.д.д 300 жылдары бүкіл Азия елін жаулап, тек, түркілерден ғана жеңілген болатын. Бұл туралы ортағасырлық арап тарихшысы Ибн Әл-Факих өзінің «Китаб ахбар ал-булдан» атты еңбегінде былай дейді: «Зу-л-Карнайынның өзі жеңе алмаған халық туралы не айтасыз, өйткені, оның өзі «оларға қол тигізбеңіз» деген артында сөз қалдырған және Ескендір от пен қылышпен, күшпен және мәжбүрлеумен барлық жерлерді жаулап алғаннан кейін барып, олар «түріктер» деген атқа ие болды» (пер. С.Л.Волин. Арабские и персидские источники. М.-Л. АН СССР 1939 г). Міне, көріп

отырғандарыңыздай Ескендірдің өзі жеңе алмаған түркілерге (Сақтар) «тиіспеңіздер» деген өсиет қалдырған. Сол дәуірдегі бүкіл Азияның қорқынышты құбыжығына айналған Түркілерден (Сақтар) барлық ел қорқатын-ды. Араптардың өзі түріктерден Библия мен Құранда айтылып, аңызға айналған тайпалар ретінде жүрекұшыра сескенеетін. Олардың санасында Йаджудж және Маджудж (Гог және Магог) халқы – ақырет уақыты келген сәтте дінге сенбейтіндерді талқандап, қиратып, әлемді жаулап алушы халық ретінде суреттеледі. Яғни, құдайдың сенімсіздірге жіберетін әскері ретінде келеді. Мысалыға, ортағасырдағы арап жазушысы Абу Усман Амир ибн ал-Джахиз өзінің «Послание ал-фатху бин хахану о достоинствах тюрок и остального халифского войска» атты еңбегінде: «Түркілермен татулықта бол, олар сізбен татулықта тұрғанда. Тек осындай пікірмен біз бейбітшілік пен тыныштықты сақтаймыз» деген хабары барлық арабтарға аян болған ұран іспеттес еді» деп жазған екен. Араптардың ойында Йаджудж бен Маджудж тайпалары - Құранда айтылған мифтік тайпалар. Ал, олардың аңызы бойынша, ол тайпалар қиямет күні қарсаңында дінге сенбегені үшін халықтарды жазалап, әлемді жаулап алуы керек. Бұл туралы Құранның 21-ші Әнбия сүресінің 95-96 аяттарында да айтылған. Ерте мұсылмандар, бұл дәстүрлерді түріктермен байланыстыра отырып, олардан Құранда айтылғандай Амударияның қай жағынан шапқыншылықпен шыға келетінін қорқыншыпен тағаттана күтті. Бұл туралы тағы да ал-Джахиз өзінің «Послание ал-фатху бин хахану о достоинствах тюрок и остального халифского войска» атты еңбегінде: «Біз көппіз, жақсы жабдықталдық және дайындалдық. Йаджудж және Мажудж тайпалары қаншалықты көп болса да, өзеннен (Амудариядан) шыққан кезде біз олардан де көп болып, күтіп аламыз. Біздің әскеріміздің күші мен қолымыздың беріктігіне келетін болсақ,

тозақтан кейінгі Самуда, Амалик және Кананит сияқты, сіз одан да күштіні таба алмайсыз» (пер. Ф.М.Асадова. Текст воспроизведен по изданию: Арабские источники о тюрках в раннее средневековье. Баку. 1993) деумен олардың өздерін-өздері осылайша жұбатуден жүргенін керемет жеткізеді. Тіптен, сол кезеңдегі барлық түркі халықтарын араптар Ал-Маджус деп, кейде Магтар, Мугтар деп те атаған. 10 ғасырда өмір сүрген, тегі араптық Абу-л-Хасан 'Али ибн ал-Хусейн ал-Мас'уди сол дәуірдегі Франция елінің тарихын жазған «Китаб мурудж аз-захаб» еңбегінде де қызықты деректерді келтіреді. Франкияның Ұлы Карл патшасынан бастап тақ мұрагерлерін жазған сол еңбегінде Ұлы Карлдың ұрпағы Лудариктың 6 жыл тақта отырғанын жазып, оның мұрагері Нуса (Буса) таққа отырғандағы мына бір қызықты деректі баяндайды. «Лударик 6 жыл басқарды. Содан кейін оны Нуса деген бас Эль-Ифранжи алмастыра бастады. Ол әл-Ифранжға (Франкия) ие болды және оның тағында 8 жыл патшалықта отырды. Бұл патша әл-Маджус елімен бейбітшілік орнатты. Сондықтан олар оның жеріне басып кірмеді. Оның еліне 7 жыл бойы 600 рат алтын және 600 рат күміс алым төледі. Бұл соманы әл-Ифранжи билеушісі оларға (Әл-Маджудждерге) төледі» (пер. В.Г.Крюкова. Текст воспроизведен по изданию: Сведения ал-Мас'уди о народе ал-Ифранджа // Письменные памятники Востока. 1978-1979. М.Наука. 1987) деп, олардың әлемді өз қолдарына ұстап тұрғанын жазады. Мұндағы Нуса патша деп отырғанымыз Франктердің 888 жылы тағына отырған патшасы. Ал, бұл дәуір – Еуропада атақты Бұлғар патшалығының билік жүргізіп тұрған тұсы болатын. Яғни, Ал-Масудидің Маджудж деп айтып отырған елі еуропаны билеген және сол кездегі өздеріне жақын Бұлғар (Түркі) тайпаларын айтып отырғаны деп түсініңіз. Сонымен қатар, Әл-Маджус деп IX-X ғасырлардағы араб жазушылары арасында жиі

кездесетін «магтар», «отқа табынушыларды» атағанын ескерсек, онда бұлардың Мұғтайпалары екеніне еш күмән жоқ.

Су ресурстары	Су ресурстары тапшылығын ұлттық деңгейде жою	Халықты сумен қамтамасыз ету	Ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз ету (2040 жылға қарай)	Сумен қамту проблемасын біржола шешу
	Су ресурстары тапшылығын бассейндер деңгейінде жою	Жалпы бассейн-дер бойынша барынша жылдам тапшылықты жабу (2025 жылға қарай)	Әрбір бассейн бойынша тапшылықтың жоқтығы	

Ауыл шаруашылығы	Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі	3 есе ұлғаюы		
	Бидайдың шығымдылығы (т/га)	1,4	2,0	
	Суғаруға жұмсалатын су шығындары (м3/т)	450	330	
Энергия тиімділігі	2008 жылғы деңгейден ЖІӨ-нің энергия қажетсінуді төмендету	25% (2015 жылға қарай 10%)	30%	50%
Электр энергетикасы	Электр энергияны өндірудегі баламалы көздердің 1 үлесі	Күн және жел: 2020 жылға қарай 3% кем емес	30%	50%
	Электр энергияны өндірудегі газ электр станцияларының үлесі	20% ²	25% ²	30%
	Өңірлерді газдандыру	Ақмола және Қарағанды облыстары	Солтүстік және Шығыс облыстар	
	Электр энергетикадағы көмірқышқыл шығарындыларының ағымдағы деңгейіне қатысты азайту	2012 жылғы деңгей	-15%	-40%
Ауаның ластануы	Қоршаған ортаға күкірт және азот оксидінің шығарындылары		Шығарындылардың еуропалық деңгейі	
Қалдықтарды кәдеге жарату	Халықты қатты тұрмыстық қалдықтарды шығарумен жабу		100%	
	Қоқысты санитарлық сақтау		95%	
	Өңделген қалдықтар үлесі		40%	50%Жүктеу

Ел алдында тұрған «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі негізгі басым міндеттер:

1) ресурстарды (су, жер, биологиялық және басқа) пайдалану мен оларды басқару тиімділігін көтеру;

2) қолда бар инфрақұрылымды жаңғыртып, жаңаларын салу;

3) қоршаған ортаға қысымды жұмсартудың рентабельдік жолы арқылы халықтың әл-ауқаты мен қоршаған ортаның сапасын көтеру;

4) ұлттық қауіпсіздікті, соның ішінде су қауіпсіздігін көтеру болып табылады.

«Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасына және Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі ЖЭК үлесі 2020 жылы 3% - ды, 2025 жылға қарай 6% - ды, 2030 жылға қарай 10% - ды және 2050 жылы 50% - ды (баламалы немесе ЖЭК) құрауы тиіс.



«Жаңартылатын энергия – таусылмайтын көздерден алынатын энергия. Жаңартылатын энергияны пайдаланудың негізгі қағидаты оны қоршаған ортада үнемі болып жататын процестерден алуға және оны өндірістік әрі тұрмыстық қажеттілікке пайдалануға саяды. Жаңартылатын энергия табиғи жолмен жаңарып тұратын табиғи ресурстардан алы-

нады. Жаңартылатын энергия көздері деген ұғым энергияның мынадай нысандарын: күн энергиясын, геотермальды энергияны, жел энергиясын, теңіз толқынының, ағыстардың, судың толуының және мұхиттың энергиясын, биомасса энергиясын, гидроэнергияны, әлеуеті төмен жылу энергиясын және жаңартылатын энергияның басқа да «жаңа» түрлерін қамтиды»[9].

Жаңартылатын энергия көздерін енгізу мен энергия тиімділігін арттыру шараларын біріктіру соңғы тұтыну секторларын және тұтастай алғанда энергия жүйесін көміртексіздендіру үшін әлі де шешуші болып табылады. Жаңартылатын энергия көздері мен энергия тиімділігі қоғамға электр энергиясының шығындарын азайту, ауа сапасы мен халықтың денсаулығын жақсарту, жұмыс орындары мен экономикалық өсуді арттыру сияқты көптеген пайда әкелетіні белгілі. Жаңартылатын энергия көздері мен энергия тиімділік көмірқышқыл газының шығарылуын азайтудың маңызды факторлары ретінде қарастырылуда. Парниктік газдар шығарындыларының үштен екі бөлігінен астамы энергияны өндіруге және пайдалануға тиесілі. Жаңартылатын энергия көздері мен энергия тиімділігі CO₂ шығарындыларының өсуін шектеуге айтарлықтай үлес қосты. Жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) бірлігіне шаққандағы энергия негізінде CO₂ шығарындылары ретінде өлшенетін көміртегі сыйымдылығының тенденциялары энергия тиімділігі мен жаңартылатын энергия көздерінің энергияны тиімді және экологиялық таза өндіруге және пайдалануға көшуге әсерін жақсы түсінуге көмектеседі. Жалпы шығарындылардан айырмашылығы, ЖІӨнің көміртегі сыйымдылығы әртүрлі салалардағы техникалық немесе құрылымдық жақсартуларды көрсетеді (1,2-кесте).

Зат	Биоотын	СЭС	Күнді фотоэнергетика	Күн коллекторы	Жел	ГеоЭҚ
CO2	21	7,6	135	32	8,0	79
SO2	0,11	0,016	0,27	0,20	0,06	0,02
NO2	1,41	0,005	0,24	0,10	0,04	0,28

Зат	Көмір	Мұнай	Газ	Дизельдік отын	АЭС
CO2	955	818	430	772	63
SO2	11,8	14,2	-	1,6	0,04
NO2	4,3	4,0	0,5	12,3	0,32

Кесте – 1. Жаңғыратын энергия көздерін қолданатын энергетикалық қондырғылардың меншікті шығарындылары, (г/кВт*сағ)

Дәстүрлі ресурстарды қолданатын энергетикалық қондырғылардың меншікті шығарындылары (г/кВт*сағ)

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе, «жасыл» экономика — бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика. Жасыл экономиканың негізінде – таза немесе «жасыл» технологиялар жатыр.

Жалпы, осы экономиканы жүзеге асыру мақсатында заңнамаларымызға енгізілген өзгерістер жаңартылатын энергия көздерін пайдаланушы энергия өндіруші компанияларды қолдауға, экологиялық таза

көлік құралдары өндірісін ынталандыруға, сонымен қатар, су ресурстарының бөлінісі арқылы қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы проблемалы салаларды жетілдіруге және реттеуге бағытталған. Бұл, сәйкесінше, экономиканың түрлі салаларының дамуына оң әсерін тигізеді.

Дүние жүзі халықтары өзінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында орасан зор энергия тұтынуда, соның салдарынан қазіргі таңда энергия тапшылығы байқалуда. Осы мәселенің алдын алу, энергия тапшылығын жою үшін балама энергия көздерін пайдалану өте маңызды [10, 11].

Аталып отырған мәселелердің барлығы – әлемдік деңгейдегі өзекті мәселе. Мұндай энергия көздері әлемдік тренд болуға даңғыл жол ашады. Бұл тұрғыдан алғанда, болашақтың энергиясы тақырыбы өзектілігі уақыт өткен сайын еселей түспек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. <http://gbpp.org/category/publication/page/4>
 2. <http://group-global.org/ru/node/61979>
 3. Б.Абаған. «Жасыл экономика жолында» \\Егемен Қазақстан № 39 (28263) 6.10. 2016-6
 4. Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығы.
 5. Ж.Жағыпарұлы «Ел әлеуетін әлемге әйгілейтін көрме» \\Егемен Қазақстан № 135 (28613) 17-шілде 2015 – 5 б.
 6. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН. Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі ТҰЖЫРЫМДАМА Астана, 2013 жыл
 7. Natural Resources: Ecology, Economics, and Policy (2nd Edition). by Jerry L. Holechek , Richard A. Cole, James T. Fisher, Raul Valdez. Prentice Hall; May 2002.
 8. Навстречу «зеленой» экономике: пути к устойчивому развитию и искоренению бедности – Обобщающий доклад для представителей властных структур. – М.: ЮНЕП, 2011. – 145 с.
 9. Дияр С. К., Токтабаев А. Р. «Зеленая» экономика – новый путь развития // Деловой Казахстан – 7 марта. – № 8 (355). – [Электронный ресурс] // <http://dknews.kz/zelenaya-ehkonomika-novyjjput-razvitiya.htm>
 10. Волобуева Я. А. «Зеленая экономика» как приоритетное направление инновационного развития // Экономика и менеджмент инновационных технологий. – 2012. – Май. – [Электронный ресурс] // <http://ekonomika.snauka.ru/2012/05/928>
 11. Р.Халелов. «Таза энергетика өндіреді» \\ Егемен Қазақстан №255- 31 желтоқсан -2015 – 6б.
-

Клара Қабылғазина,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

Ұлы Отан соғысын өткерген әкелерге арналады ӘКЕ ӘНІ (адами эссе)

Халықта қыз бала көбіне анаға қарағанда әкеге жақын дейді... Небір ой қорытындысы текке айтылмайды ғой, бұл пікір де көп жылғы тәжірибе, ақиқаттың нәтижесі шығар... Мен де әкеме жақын өстім. Ол - әдетте көп сөйлемейтін, томаға тұйық адам. Ал, кейде бір көтеріңкі көңілде отырған сәтте әңгімеге тарта қалсаң, шешіліп қоя береді. Өзі қуақы тілді, тіпті, әңгіменің бояуын түрлендіріп, соншалықты сезіммен, жүйелі баяндап, есінде мәңгіге қалдырады. Кей-кейде шүберектен тігілген боқшаны иығына асынып, сонау Теріс-айрық өзенінен өтіп, жаяулатып көрші ауылдағы мұсылман мектебінен оқығанын айтып өтеді. Көбінесе Ресей жеріне күн туған сәтке әлсін-әлсін орала беретін. ..

– ... Соғыс басталған сол бір күндер әлі есімде. 1941 жыл болатын. Ол кезде мен мектеп қабырғасында едім. 1942 жылдың наурызында 56 түлекке, шағын ғана ауылдың азаматтарына бір-ақ күнде шақыру қағазы келді. Ақжар ауылынан Жалғызтөбе стансасына жаяулап, жетінші күн дегенде жеттік. Қайран, жастық-ай, десеңші... Осы күні сол жерге көлікпен баруға ауырсынамыз... Сөйтіп, станцияға келген соң Моңғолияның «Ұлансерік» деген жеріне барып, № 76 атқыштар полкінің құрамында бес ай оқу-жаттығуда болып, 1942 жылдың аяғына таман соғысқа

кірісіп те кеттік.. Соғыс жылдары «60 жас кәрі емес, 16 жас жас емес» деген тәмсіл қалыпта-сқан болатын. Алғашқы кездері адам ату түгілі қолына мылтық ұстап та көрмеген, өзіміз сияқтыларға қосылып, бәріміз майданға бірге аттандық. Бүкіл соғыстың жолын жүріп өттік қой... Қайсыбірін айта берерсің... Сәл бір жазушылық қабілет болғанда әлденеше роман болатын жайлар көз алдымда. Кейінгі жас жазушылар соғыс тақырыбына жазған уақытта, шіркін-ай, ешқандай сезінбей жазып отыр-ау деп ойлаймын. Шын сезінбеген, түйсінбеген адамнан шығар ой да табиғилықтан аулақ кетеді ғой.

18 -желтоқсан күнгі сұрапыл соғыс генерал Паулюстің армиясын тізе бүктірген еді. Алдыңғы шептегі танктердің артынан автоматты атып, жүгіре береміз. Ол оқ тиіп жатыр ма, тимей жатыр ма аңғаруға мұрша жоқ. Нағыз тозақ деген сол ма дерсің... Бауша орылып, құлап түсіп жатқан әскерлер. Ол жақ та , бұл жақ та көп қырылды. Шорға ауылынан келген жасөспірім Ибрайым Кенеев деген жігіт зымыран жарқышағы тиіп, қан-жоса болып, көз алдымда мерт болды.

– Сталинград азат етілген соң Дон өзені бойындағы шайқастар басталды. Азат етілген жерлердегі немістердің айуандық әрекеттерін көрген сайын оларға деген кек те ұлғая

түсті. Кирилово жолындағы бір қанды шайқаста сол жақ сан еттен тиген оқ оң жақ жанбастан шығып, қатты жараланыппын. Есімді жинаған сәтте байқағаным үсінуге жақын қалғандаймын. Көп қан кеткен сияқты. Көз қарауытып, дене қозғалтар емес. Айдала. Жатқан жерімнің қары еріп, қанға араласып енді қата бастағандай екен. Қозғала алмай, әрі айналаны бажайлап біраз жаттым. Шабуылға таң ата шыққанымыз есіме түсті. Күн бесін уақыты сияқты. Екі аяқ мүлде жоқ тәрізді. Қозғалып көрейін десем, адам төзбес аурудан көздерімнің алды қарауытып, қайтадан есеңгіреп қалдым. Дегенмен, текке өлмеуім керек, күресуім керек. Жанға батқан аурудан қорқып қозғалмасам, ай-далада қалғаным ба деген ой да шарпып өтті. Өлексеге үйірілген қарғалар қарқылдап, шүйліге түскендей... Көзді қарауыттырып, миды солқ еткізетін аурудан ышқынып, бір жанбасқа аударылып, сосын еңбектеп жылжитын қалыпқа түстім. Қол, иық, арқа, мойын, дегендеріңнің бірі де қозғауға келер емес, сіресіп қалған. Бар күшті жинап алға ұмсындым. Бір-екі қарыс жер қозғалған сияқтымын. Тағы, тағы қозғалдым... Денеме қан жүре бастаған сияқты. Осылайша қанша жылжығаным есімде жоқ, тағы да ессіз жатқан жерімнен медсанбаттың адамдары тауып алып, жедел көмек көрсетіпті. Ворошиловградтағы дала госпиталына түсіппін.

1943 жылдың аяғына қарай госпитальдан шыққан соң, қайтадан соғысқа жіберілдім. Бұл жолы 1-Украина майданының құзырындағы №221 атқыштар полкінің құрамына алынып, Харьковты азат етуге аттандық. Бұдан кейін де бірнеше рет жараландым. Мынандай майда-шүйде жараларды есепке алмағанда, - дейді басын оқ жұлып кеткен саусақты көрсетіп қойып. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген осы шығар, - депі әңгімесін жалғастырады: - Армия Шығыс Пруссияның орталығы Кенигсберг қаласына қарай бет алған уақытта қатты кескілескен шайқас болды. Жау жағы өліспей беріспейтіндей көрініп еді, алайда біртіндеп беріле бастады. Кейіннен білсек, бұлар жауға сатылып кеткен власовшылардың әскерлері екен. Кенигсберг

қаласына 70 шақырым қалғанда үшінші рет жараланып, тағы госпитальға түстім. Алланың күдіретінің арқасында қырғынның ортасынан, ажалдан құтқарылдым».

Осындай жайттардың куәлары мыналар дегендей орден, медальдарының куәліктерін алдына жайып салады. III дәрежелі Даңқ ордені, Қызыл Жұлдыз ордені, «Сталинградты қорғағаны үшін», «Ленинградты қорғағаны үшін», «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдары және тағы да басқа марапаттаулары көзіңізге түседі.

- Берлинге ту тіккен күн бүгінгідей-ақ көз алдымда. Соғыс бітті, біз жеңдік дегенді бір-бірімізге айтып, кез-келгенді сүйіп, құшақтап жүрміз. Қуаныштан жылаған дегенді сонда өз басымнан кештім. Бұл күнге жетпегендер қаншама десеңші! Біздер солар үшін жыладық.

«Соғыс бітті, капитуляцияға қол қойылды» дегенмен біраз жерлерде партизандық соғыстар жүріп жатты. Алдымен соғыстан қайтуға рұқсат егде жастағыларға, ауыр жарақаттанғандарға берілді. Одан соң күйреген халық шаруашылығын қалпына келтіруге қажетті механизаторлар, техника тілін білетіндер қайтарылды. Не керегі бар, маған кезек 1946 жылдың жазында ғана тиді. Келсем ауылдың күйзелген түрінен жан шошырлық. Жартылай жалаңаш, аш халық «өлме жаным, өлме» деп күн көріп отыр екен... Ертеңнен үміт күте жүріп, еңбекке араласып кеттім... Бала –шаға сүюді тағдырым нәсіп еткен екен...

Майдандағы ерліктер куәгерлерінен соң, келесі бір папкаға көзіңіз түседі. Бұл – соғыстан кейін бейбіт еңбекке араласқан жылдар шежіресі...

«Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай аудандық суландыру жүйесі басқармасының инженер – гидротехнигі Жабықбаев Қабылғазы еселі еңбегі, адал қызметі үшін... наградталады» деп басталатын жолдар көзге оттай басылады. Сан-алуан грамоталар, құттықтаулар, бірнеше дүркін бесжылдықтар қорытындысы бойынша алған марапаттаулар.

Әке өткен өмір жолының осы бір парақтарын ақтара отырып, ойға қаламын. Әкемнің

еңбек өтілі ұлы Жеңіспен жасты екен-ау! Соғыстан Жеңіспен оралған ол бірден еңбекке араласты. Өйткені, ол жылдар ауыртпалығы демалып отырғанды көтермейтін халде болғаны баршаға белгілі. Шаруашылық басқарды, партия жұмыстарында болды. Әйтеуір, қай жерде жүрсе де еңбегін аянбады.

Ардагер әке жолы көпке үлгі. Қазіргі кезде Украинада еңбек ететін үлкен ұлы Какен, милиция қызметкері Төкен (1956-2018), дәрігер-педиатр Гүлмира, әке жолымен гидротехник мамандығын қалаған Мұрат, құрылыс маманы Тұрсын сияқты балалары әке үшін әрдайым мақтаныш. Кей-кейде әке әңгімесін тыңдай отырып, ойлаймын "бұл кісі сияқты Отан үшін от кешкен, талай азап, тозағын басынан өткергендер саны аз-ақ қалған шығар-ау" деп. Қандай ер адамдар! Нағыз батырлар осылар-ау! Бұларға қанша құрмет, қанша ілтипат көрсетсең де аздық етер... Үкімет, қамқорлығы өз алдына ғой, әрине. Менің сөз етпегім, адамдар құрметі. Кейде кезекке тұрғандар алдына келіп «Отан соғысына қатысқан» деген кітапшасын көрсетіп, әлгі бір затты алғысы келген адамды кейбіреулер тілдеп, сол бір жанның жанын ауыртып жатады. «Осылар-ақ кимелеп жүреді екен, өздеріне арналған дүкенге неге бармайсың?» - деген сөздің өзі сол адамға соғыс азабынан да ауыр тиеді-ау!

Бұл бір ғана мысал. Былай қарасаң, уақ-түйек секілді болғанымен, мұның түп астарында үлкен мән де бар. Отан үшін от кешкен, басқыншылардан елін қорғаған адамдарға деген ілтипаттың кей-кейде ұмыт болатыны кешірілмес жай. "Біз үшін Отан деген тек Қазақстан болмады. Бүкіл Совет елін Отан деп ұқтық. Сол үшін кеудені оққа тостық," - дейді ол. Бұл әсіресе, соңғы буын жастарға ескертер мәселе. Біздер, кейінгі ұрпақ өкілдері, ол адамдарға өмірбақи қарыздармыз. Біз сол қарыздарымызды өз адамгершілігімізбен өтеуге тиіспіз.

Әкемнің көзі тірісінде әр жылғы 9 мамыр күні біздің үйде кішігірім той болатын еді. Жан-жақтағы балаларынан жеделхаттар келіп жататын. Аудандық салтанаттың, әкімшілік

жиналысының төрінде кеудесіне орден, медальдарын тағып шығып, шалқып бір отыратын. Осы сәтте мектепке де шақырып жатады, естелік айтып берсе екен дейді. Әке көңілі көл-көсір. Міне, осындай бір күні ол кісінің ыңылдап ән салғанын естисің. ..

Әридай-ай, құрбым-ай, әрид-ай...

Арманда кеткен досымды-ай,

Еске алам, құрбым-ай,

Әридай-ай, әридай -ай...

Маған сол бір ыңылдап салған қазақ әуенінен ыстық ән жоқ сияқты бұл тіршілікте. Алысқа ұзап кетсем де, әр күн сайын құлағымда сол әуен тұратын. Кеудемді, санамды сағыныш билейтін... Осы бір өмір мен өлім өткелінен бірдей өткен, қарапайым батырға деген сағыныш лебі есе түскендей болатын...

Ол кісінің қызметі су маманы болғандықтан, қарамағындағы екі-үш ауылдың егін-жайын суландыру мәселесімен айналысатын. Сондықтан да науқан уақытында жарғақ құлағы жастыққа тимей, атқа мініп егін аралайтын.

Жақсы өнімді көріп қуанатын, көңіл толмастай жай болса күйінетін. Туған дала табиғатымен бірге қуанып, бірге мұнайып жасасып келе жатқанына жарты ғасырдан артық уақыт өтсе де жарғақ құлағы жастыққа тимейтін. Дәл осылай Жер-ананы сүю, қадірлеу, сол ананың перзенті болғанына қуану екінің бірінің қолынан да келмесі анық.. Кейін құрметті демалысқа шықса да, маусымдық жұмыстарға араласқан еді... Ажал деген алпауыттың құрығы жетпейтін жер бар ма екен, шіркін!..

Бозғылт сағым көлбеп жатқан сар даланы кезіп келе жатып та әлгібір әуенді ыңылдаған шығар... Желмен шайқалып тұрған бағана сымдары сол әуенмен тербелгендей болатын...

Алатаудан соққан самал сонау шығыстың желінен сол әуенді іліп ап, маған жеткізіп тұрғандай көрінуші еді...

ТҰРҒАНБАЕВА ГҮЛМАЙРА

Ардагер Ұстаз

Аңдатпа. Мақалада дана, дара ұлы ойшыл Хәкім Абайды үнемі оқып, қайталап, ғибрат алу, ішкі жан дүниесінің байлығын сезіну, мән беру, үлгі алу бағытында айтылған. Абай «ерте оянып, ерте ойланды» және соның арқасында айналасында ерте таныған данышпан. Тіпті арнау өлеңдерінде нақты бір адамға қарата айтып, кемшілікті сынағанда жалқыға емес, жалпыға ортақ ой салады.

Тірек сөздер: Абай Құнанбайұлы, «Шығармаларының екі томдық жинағы», ұлттық құндылық.



БАЛАМ, АДАМ БОЛСЫН ДЕСЕҢІЗ, АБАЙДЫ ОҚЫТ...

Бүгінгі бала тәрбиесінің өлқиссасы көп. Себебі қазіргі қазақ баласының тәрбиесі мен жас отбасындағы тәрбиеге сын айтса да, мін айтса да болатындай. Әрине, бұл менің жеке пікірім. «Баланды былай тәрбиеле,- былай өсір» деп ақылгөйсуден аулақпыз.

Дегенмен, «біздің қоғамның бала тәрбиесіндегі басты кемшілігі де осы тұста кетіп жатқан жоқ па?» - деген ой маза бермейтіні рас. Кезінде, қалмақтың «Өзің білме, білгеннің тілін алма!» - дегенін Абылай хан қарғыстың ең сорақысы ретінде мойындауы жайдан жай емес сияқты. Олай дейтінім, осы күні бөтенің емес, өзекке теппейтін өзім дегеніңнің баласына бірдеңе деп көр, әп сәтте, сенен жаман адам жоқ болып шыға келеді. Сонда «қызға қырық үйден тыюымыз» қайда қалды? Өзіңіз ой елегінен өткізіп, бағамдай беріңіз. Осыны ойлап, «балалы үй базар» деген сөздің де тоны теріс айналған

ба дейсің? Себебі баланы табу бар да, бағу бар. Ал баланы өсіруде ұлт болашағы мен қазақтың намысы үшін баптау, сынын келтіру бір басқа.

Мұның астарында «атаңның баласы болма, адамның баласы бол» дегенді қағида тұтқан ұлттық педагогикадан шыққан Абайлар тұрған жоқ па? демек, Абайды тәрбиелеуде әкесі Құнанбай қандай үлгі болса, бүгінгі әке де өз баласына сондай үлгі бола білуі керек. Әжесі Зере мен анасы Ұлжан балалары мен өз қоғамына қандай тәрбие көрсетсе, бүгінгі әжелер мен аналар да сондай тәрбие бере білуі тиіс. Ол істі әр отбасы «Абай жолын» қайта оқып, Абай өлеңдерін қайта жаттап, бойына сіңіруден бастаса, сонда ғана «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» - деген сөздің парқына жетер ме едік?

Яғни, ұлттық сипаты мен тәрбиелік мәні арта түсер еді! Біздің қоғам табынып жүрген батыста «баланды тәрбиелемей-ақ қой,

ол бәрібір сен сияқты болады» деген сөз бар екен. Бұл алма - алма ағашынан алшақ түспейдінің кері. Мәселен, әкесі инженер болсын, құрылысшы болсын, сатушы болсын, ұшқыш болсын, мейлі, әкім болсын, қолына бір мезгіл кітап алып баласымен бірге оқыса, Абай өлеңдерін жатқа айтып, баласын таңдандырса, баласының да сол іс-әрекетті қайталауы заңдылық. Кейде біздің қоғамда осылар кемшін түсіп жатады-ау? Міне, «Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз» деген сауалдың нағыз жауабы. Себебі әр бала үшін олардың алғашқы ғалымдары, сенімді серігі мен шамшырақ жол көрсетушісі ата-анасы екені сөзсіз. Біз қанша айтсақ та «Дүние де өзі, мал да өзі ғылымға көңіл бөлсеңіздің» түбіне жете алмай келеміз.

Бала тәрбиені отбасынан алады, балабақшада ұштайды, мектепте жетілдіреді. Жоғарғы оқу орнында ғылымиландырады, бірақ әркез де әр бала өз бойындағы барымен қоғамда қайнайды, піседі. Уақыт өте жаттығады, ысылады, төселеді. Тек әр кезеңнің өз оқытушысы бар, ал тәрбиенің ұршығы ата-анада. Иіруіне қарай жібін алады. Біз оны бірде білеміз, енді бірде кемшілік кімнен кетті деп өзгелерден іздей бастаймыз. Бұл өмір шындығы. Баланың өтпелі кезеңдерінің бірі, дағдының қалыптасуы, қабілеттің көрінетін тұсы балабақшада бастау алады.

Адамның мінезбен туылатыны рас, ал мінездің ұшталып, алғаш қоғамдық ортада танылуы осы сәттен көрінсе керек. Абай өлеңдерінің адамзатқа айтары да, берері де көп. Сол батпаннан біздің балалар құралақан қалмаса екен деген қамқорлық қана. Ал қазақы абырой, ұлттық намыс кернеген, халқым деп арда туған ұл өсірсем деген әр әкеге, әрбір анаға Абайды оқы, түсін, бойыңа сіңір. Содан кейін, балаңды адам болсын дегенше, Абайды оқыт...» - дегім келеді. Бүкіл халқымызды толғандырған Абайдың теңіздей терең таланты күн өткен

сайын биіктеп, ақындар үшін - арманға, ойшылдар үшін маржанға айналды. Оның әрбір сөзі жібекке тізген меруерттей мөлдіреп, көз жауын алса, салмақты да салиқалы ойлары жаныңды тербеп, жігерінді жанып, қиялыңды қырымға, көңілінді биікке көтерері сөзсіз. Өз еңбектерінде Абай Ислам этикасы, ақидасы және метафизикасы сияқты терең мәселелерді зерттеп-зерделеген. Кемеңгер дүниетанымына жататын этика саласындағы адалдықты, парасаттылықты, отансүйгіштікті, адамгершілікті, ғылымға деген құштарлықты, сенім мен әдеп мәселелерін салалап айтуға болады.

Расында, Абай мұрасы өміршең, жылдан жылға өзінің құндылығын арттыра түсуде. Абай атаған талап пен еңбек - қайратты танытса, терең ойыңыз ақыл, ал қанағат пен рахым - жүректен туатын қасиеттер. Адам бойындағы осы үш қасиетті ерекше танып білуге тұратын таным екенін ақын «Малға достың мұны ғана адам емес, жоқ малдан басқа» өлеңінде: «Үш-ақ нәрсе - адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп нақтылай түседі.

«Ыстық қайрат» үнемі ізденіс үстінде, тек алға ұмтылу, жасампаз болу ұғымын аңғартса керек. «Нұрлы ақыл» - елге сәуле түсіріп, ізгілікті іс істеу, Алла берген ақылды тек жақсылыққа жұмсау. Ал, «жылы жүрек» деген ұғым иманды, иман жүзді болу, адамдарға құрметпен қарау, олардың мұң-мұқтажын, көңіл-күйін ұға білу, айналаға шуақ шашу дегенді білдірсе керек.

Міне, осы үш қасиет ізгілікті мақсатта пайдаланылған жағдайда ғана толық адам деген мәртебеге ие боламыз.

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек» дейді хәкім Абай.

Олай болса, Абай үшін дүниенің басты құндылығы - адам, жәй ғана адам емес, рухани тұрғыда кемелденген толық адам. Абайдың арманындағы толық адам дінмен дамып, дінмен жетіледі. Ол: «Алла Тағала -

өлшеусіз, біздің ақылымыз - өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды».

Хәкім Абай Алланы тану, оның сипаттарын білу үшін ғылымды меңгер деді. Білімді болу арқылы ғана біз кемелдікке жетеміз. Абай асыл дінімізге тек адамгершілік тәрбие көзі ретінде қарап, осы мақсатта өзіне керегін алды. Кемеңгерге керегі сену. Сенім бар жерде адамдық қасиет жоғалмайды. Осылардың бәрін толықтыра келгенде Абай Хәкім пендешілік мінезден арылуға, иманнан пайда алуға шақырады. Ал пайда алу жолдары қайсы? Ол үшін өз ақылың мен еңбегіңе сүйен деді. Өзгеге жақсылық ойла, шама-шарқынша шапағатыңды тигіз! Адамдық, ізгілік деген осы. «Нәпсіге ерсең, Алланың мейірімінен құр қаласың - осыған илан» деген сөзінен көп нәрсені ұғынамыз. Дана ойшыл қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы - парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Ол елді сынау арқылы төмендеткісі келмеді, керісінше биікке көтергісі келді.

Ендеше Абайды оқи отырып біз өзі айтқан «кәміл мұсылман» сипатына ие бола-

мыз. Абай - таусылмайтын терең тақырып. Біздің көзіміз жеткен екі анық бар: біріншісі - Абайдың діни көзқарастары бүгінгі жаһандану дәуірінде адастырмас бағдаршам іспетті. Бұл бүгінгі қоғамға ауадай қажет, екіншісі - Мұхтар Әуезов айтқан «Абайдың діні - сыншыл ақылдың, адамгершіліктің діні» деген тұғырлы тұжырым ешқашан да ескірмек емес.

Қазақ халқының кемеңгері Абай Құнанбайұлы - ақын ғана емес, ислам дінін терең түсінген теолог ғалым. Ол - адамзаттың алтын қорына қазақ елінің атынан өз үлесін қосқан ғұлама. «Отанды сүйю - иманнан» деп, елін-жерін шын қастерлеген отаншыл кемеңгер, халқының рухани өсуін армандап өткен ол қайтсем кемшілігін түзеймін деп жұртын адал еңбекке, ғылым-білім үйренуге үндеді. Демек, Абайды оқу бар да, түсіну бар. Абайды білу басқа, тану басқа. Абайды сомдау басқа, Абаймен өмір сүру бір басқа. Жалпы, Абайды шамшырақ еткен адам адаспас деген ойдамын.

НҰРЖАМИЛА ӘЛІБЕКОВА

Қазақстан Республикасының Білім
Беру Ісінің Құрметті Қызметкері,
Айыртау ауданының Білім Бөлімінің
Құрметті Қызметкері, «Ерен Еңбегі үшін»,
«Ыбырай Алтынсарин», «Почетный
работник образования Айыртауского
района», «Айыртауға 90 жыл»
медальдарының иегері, ардагер ұстаз.



МАҒЖАН АҚЫН

130-ға келіпті Мағжан ақын,
Жырларымен халыққа өте жақын.
Жұмабайдай қажы атасы білген екен,
Немересі шығаратынын елге даңқын.

Мағжан ақын 4-жасында хат таныған,
Ауылдың молдасынан сауат ашқан.
Одан кейін Қызылжар қаласында,
Медреседе оқу мен білім алған.

Медреседе шығыстың ақындарын,
Таныған аға буын жақындарын.
Фирдауси, Низами, Науаи, Сағадидің,
Оқыды жазып кеткен дастандарын.

Оқыды, үлгі алды Шығыстық ақындардан,
Уфада «Ғалияда» Ибрагимовтан
дәріс алған.

Шабыт алған жас ақын 19-да,
«Шолпан» атты Қазанда жинақ жазған.

Омбыда зерек жігіт 4-жыл оқып,
Ұстаздықтың қыр-сырын ойға тоқып.
Бірге оқыған Сейфуллиндей ақынменен,
Бітірген семинарияны кеудеге
«Алтын» тағып.

Оқу комиссары Луначарскийдің
шақыруымен,
Білімге құштар Мағжан ақын
Мәскеу келген.

Жоғары әдеби-көркемөнер институтына,
Түркістан Республикасы квота берген.

Ташкентте кездесіпті Сұлтай атам,
Мағжан ақын Ташкентте бір жыл тұрған.
Токсанбай ағамыз да Тереңкөлдік,
Фотода үшуі тұр сұхбат құрған.

Елге оралды Мағжан жігіт ақын жанды,
Басқарды газет пенен журналдарды.
«Бостандық туы», «Шолпан», «Сана»,
«Ақ жол»дарда,
Жүргенінде «Батыр Баян» жазылғанды.

Омбыда өткізгенді қазақтың
құрылтайын,
Он адам қазақ комитетінде,
басшысы Тұрлыбаев.
«Алаш»партиясының өкілдері
ұсынған ед,
Тәуелсіз Қазақ мемлекетін құру жайын.

Ойлады Мағжан ақын халық жайын,
Болатын халқы үшін жаны дайын.
Айтып еді ашаршылық жылдарында,
«Халқымдағы ауыр жағдай-менің
қайғым».

Жырларымен көтерді елдің рухын,
Сол үшін де көрді өзі азап-қуғын.
Алаштың қайраткері жасымады,
Үндеу ғып жаза берді жыр жолдарын.

Басында Бутыркаға тұтқындалды,
Кейін оны Карелиядағы Майкопқа алды.
Іздеу салып, сүйеу болған Зылихасы,
5-жылда күйеуіне 14 барды.

Көмекті көрмеді ол жолдастардан,
Қолдауды да көрмеді туыстардан.
Қанатымен су сепкен Зылихасы,
Жақсылықты көріпті Пешковтардан.

Жан-жары хат жолдаған Пешковаға,
-Күйеуіме жазылған жалған жала.
Өзіңізден күтемін бір хабарды,
Шарапат тие ме деп Мағжаныма.

Горькийдің әйел заты ерлік етті,
10 жылды 7 жылға төмендетті.
Сынбады Зылихасы ауыр жүктен,
Мағжанын ордасында аңсап күтті.

Атылды елі үшін құрбан болып,
«Халықтың жауы» деген атақ алып.
Өлеңімен, жырларымен Мағжан ақын,
Әр қазақтың жүрегінде тұрар жанып.

РУБРИКАЛАР
РУБРИКИ
RUBRICS

I . СҰХБАТ.ИНТЕРВЬЮ.INTERVIEW.

II. ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ.ИНОЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ.
FOREIGNLANGUAGEEDUCATION.

III.МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЖӘНЕАУДАРМА.МЕЖКУЛЬТУРНАЯ
КОММУНИКАЦИЯ И ПЕРЕВОД
INTERCULTURALCOMMUNICATIONANDTRANSLATION

IV.КОГНИТИВТІКЛИНГВИСТИКА.ПСИХОЛИНГВИСТИКА.ЖАҢАҚАЗАҚӘЛПБИІ.
КОГНИТИВНАЯ ЛИНГВИСТИКА. ПСИХОЛИНГВИСТИКА. НОВЫЙ
КАЗАХСКИЙАЛФАВИТ.
COGNITIVE LINGUISTICS. PSYCOLINGUISTICS.QAZAQ NEWALPHABET

V . ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ. ЛИНГВИСТИКА
ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЯ. ЛИНГВИСТИКА
LINGUA-CULTURALLINGUISTICS.LINGUISTICS

VI . ПСИХОЛОГИЯ. ПСИХОЛОГ КЕҢЕСПСИХОЛОГИЯ.
УГОЛОК ПСИХОЛОГА
PSYCOLOGY.PSYCHOLOGIST’S CORNER

VII . КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР
ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ИННОВАЦИИ ПРИ ОБУЧЕНИИ ЯЗЫКАМ
MULTI-LINGUA LEGUCATION AND INNOVATIONS IN LEARNING LANGUAGES

VIII.РУХАНИЖАҢҒЫРУ:ҰЛТТЫҚТӘРБИЕ
НАЦИОНАЛЬНОЕВОСПИТАНИЕ
NATIONALWAYOFBRININGUP

IX.ТАРИХ
ИСТОРИЯ
HISTORY

**X . ПЕДАГОГИКА
ПЕДАГОГИКА
PEDAGOGY**

**XI. ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМДАР
ЕСТЕСТВЕННО–МАТЕМАТИЧЕСКОЕНАПРАВЛЕНИЕ
NATURALSSCIENCES**

**XII. МЕДИЦИНА
МЕДИЦИНА
MEDICINE**

**XIII. АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ.
СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕНАУКИ.
AGRICULTURALSCIENCES**

**XIV . АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ
INFORMATIONTECHNOLOGY**

**XV . СЫН ПІКІР.
КРИТИКА МНЕНИЕ.
CRITICALTHINKING.**

**XVI.ҒАЛЫМӘЙЕЛДЕРШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ
ТВОРЧЕСТВО УЧЕНЫХ ЖЕНЦИН
SCIENTISTWOMEN'SCREATIVITY.**

МАҚАЛАНЫ ЖАРИЯЛАУ ЭТИКАСЫ

Авторлар үшін:

- Жұмыстың мәтінін журналда жариялауға жолдау арқылы авторлар өздері туралы мәліметтің дұрыстығына, қолжазбада плагиаттың және басқа да заңсыз көшірмелердің жоқтығына, барлық мәтін сілтемелері кесте, схема және суретті сызбалар тиісінше рәсімделгеніне кепілдік береді.
- Мақаланың түпнұсқалық сипатын % (ұсынылатын процент – 60) өлшемінде анықтау үшін қолжетімді антиплагиат жүйелеріне сүйене отырып, талапқа сай рәсімделмеген мақалаларды себебін түсіндіріп жатпастан жарамсыз деп тану құқығын автор өз жауапкершілігіне алады.

Жолданған мақалаға қойылатын талаптар.

Мақала:

- безендіруге қойылған талаптарға сәйкес рәсімделуі;
- бұрын жарық көрмеген болуы немесе басқа басылымдардың қарауында жатпауы;
- автордың/авторлардың тек өзіндік зерттеу нәтижелерін ғана қамтуы;
- тиісті мәселе бойынша әртүрлі елдер зерттеушілерінің ғылыми еңбектеріне шолу жасауы, индекстелетін журналдар авторларының жарияланымдарына, осы журналдың бұрынғы шығарылымдарындағы мақалаларға сілтемелер беруі.
- Автор/авторлар жүгінген әдебиеттер тізіміне тек мақалада пайдаланылған дереккөздер енгізілуі және мәтінде оларға міндетті түрде сілтемелер жасалуы тиіс.

Редакторлар үшін:

Бас редактор және редакция алқасының мүшелері

- жарияланатын мақалалардың сапалық құрамына ерекше көңіл бөлуі;
- мақалаға жауапты болып бекітілген жағдайда, рецензенттің/сарапшының пікірімен келісетіндігі (немесе келіспейтіндігі) жайында негізді шешімін ортаға салуы;
- редакция алқасының отырыстарына қатысуы, журнал мазмұнын анықтайтын шешім қабылдауда өз ұстанымын білдіруі;
- техникалық талаптарға сәйкестікке қатысты бастапқы іріктеуден өткен мақалаға редакция алқасы құрамынан жауапты адамды және редакция алқасы құрамына кірмейтін (тиісті сала бойынша ғалым немесе маман) екі рецензентті тағайындауы;
- шешім қабылдауда тек ғылыми мүддені алға қоюы және мақаланың баспа стандарттарына сәйкестігін басшылыққа алуы тиіс.

МАҚАЛАНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯЛАУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН МІНДЕТТІ ТАЛАПТАР

1. Мақала атауы (титул парағы).

Қысқа, бірақ дәл. Мақаланың негізгі мәселесін анықтайды;

2. Тірек сөздер (кілт сөздер) - 8-12 сөз;

3. Аннотация (Abstract) - 1 абзац 50-200 сөз.

Аннотацияда сілтемелер мен қысқартулар болмауы тиіс; Алғы сөз – 1,5-2 бет.

Мәселенің мәнін анықтайды, зерттеу мақсатын көрсетеді, зерттеудің маңыздылығын негіздейді;

4. Әдебиетке шолу. 15 дереккөз. Пайдаланған әдебиеттерді талдау, негізгі идеяларды, бағыттарды тұжырымдау, зерттеудің теориялық негіздерін анықтау үшін материалды пайдалану. Автор өзінің ғылыми мақаласы аясында өз көзқарасын негіздеу мақсатында қолданған және нәтижесінде осы ғылыми мақалада келтірілген мәселелердің қазіргі заманғы көзқарастары және осы тақырып бойынша жұмыста анықталған қиындықтар туралы еңбектер тізімі көрсетіледі.

5. Әдістері – 2-4 бет.

Бұл бөліктің мақсаты – қолданылатын әдістердің сенімділігі мен олардың нәтижелерге әсерін бағалау. Зерттеу жүргізудің жоспары мен жүйелілігі, эксперименттер хаттамалары, пайдаланылатын материалдар, объектілер, жабдықтар, дайын статистикалық деректер, бағдарламалық қамтамасыз ету және т.б., сондай-ақ алынған нәтижелерді бағалау әдістемесі келтіріледі.

6. Нәтижелер мен талқылау. Шамамен 5-7 бет.

Зерттеу нәтижелері оларды түсіндірместен нақты логикалық дәйектілікпен ұсынылған. Дәл осы жерде кестелер, суреттер мен графиктер жиі қолданылады (бірақ көшірме емес). Талқылау зерттеу нәтижелерін және онымен байланысты басқа материалдарды түсіндіруге бағытталуы керек. Жаңа және маңызды бақылауларға назар аударыңыз. Зерттеу мақсаттары үшін байқалған пікірдің маңыздылығын түсіндіріңіз;

7. Қорытынды.

Сіздің жұмысыңыз тақырыптың қазіргі жағдайын қалай жақсартады/кеңейтеді;

Қойылған мақсатқа қатысты нәтижелердің / қорытындылардың негізгі мәні неде;

Цифрлар (Цифры). 5-8; Кестелер (Кестелер). 1 - 3;

Ұсынымдар. 20 жұмыс, олардың кемінде 30% - ы шетелдік болуы керек және мақаладағы нақты ескертулермен сәйкес келуі керек; әдебиеттер тізімінде электронды көздерге сілтемелердің болуы

8. Жалпы көлемі. 8-12 бет (негізгі материалды қосқанда шамамен 5000 сөз);

Мәтінде сілтеме жасалынуы керек. Барлық пайдаланылған дереккөздер мәтінде әдебиеттер тізіміндегі дереккөзге сәйкес келетін нөмірмен белгіленуі керек. Барлық деректер нақты болуы керек және мәтіндегі дәйексөзге сәйкес келуі керек.

Суреттер, суреттер, диаграммалар мен кестелер жеке файл түрінде берілуі керек.

ЭТИКА ПУБЛИКАЦИИ СТАТЕЙ

АВТОРЫ:

- несут ответственность за соблюдение научной и исследовательской этики по предоставленному материалу (за текст опубликованной в журнале статьи, плагиат, за использование чужого материала, за последовательность и размещение схем, рисунков, диаграмм);
- за отклоненные без объяснения причины статьи, которые не были оформлены должным образом, а также за статьи, не прошедшие проверку на оригинальность посредством доступных систем антиплагиата (рекомендуемый процент - 60%).

Обязательные требования, предъявляемые к статьям, отправленных для публикации:

Статья, предоставленная для публикации:

- должна быть оформлена в соответствии с предъявляемыми требованиями;
- не должна быть издана ранее и находиться в печати в других источниках;
- должна содержать только результаты собственного исследования, обзор научных трудов исследователей из разных стран по заданной теме, а также ссылки на статьи данного журнала прошлых изданий;
- все использованные источники должны быть реальными и совпадать с цитированием в тексте, а также помечены в тексте с указанием номера, соответствующего источника в списке литературы.

РЕДАКТОРЫ:

Главный редактор и члены редколлегии:

- уделяют особое внимание качеству содержания публикуемой статьи;
- принимают решение о согласии (или несогласии) с решением рецензента статьи о её публикации;
- участвуют в работе заседаний членов редколлегии;
- готовят двух рецензентов из числа членов редакционной коллегии, а также со стороны – специалиста данной отрасли науки – после первой экспертизы на соответствие публикуемой статьи техническим аспектам;
- руководствуются при принятии решения научным значением и соответствием статьи стандарту издания.

ОБЯЗАТЕЛЬНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ СООТВЕТСТВИЯ СТАТЬИ МЕЖДУНАРОДНЫМ НОРМАМ ПУБЛИКАЦИИ

1. Название статьи.

Краткое, но точное. Определяет основную проблему статьи.

2. Ключевые слова. 8 – 12 слов.

3. Аннотация. 1 параграф 50 – 200 слов.

Аннотация не должна содержать ссылки и аббревиатуры.

Введение – 1,5 – 2 страницы. Определяет суть проблемы, указывает цель исследования, обосновывает важность исследования.

4. Обзор литературы. 15 источников. Анализ использованной литературы, формулировка основных идей, тенденций, использование материала для обоснования теоретической базы

исследования. Перечень работ, которые были привлечены Автором для того, чтобы развить и обосновать свою аргументацию в рамках своей научной статьи, и которые, как следствие, цитируются в этой научной статье, современные взгляды на проблему и выявленные трудности при работе над данной темой.

5. Методы. 2– 4 страницы.

Цель данной части – провести оценку надёжности используемых методов и их влияние на результаты. Приводятся план и последовательность процесса исследований, протоколы эксперимента, используемые материалы, предметы, оборудование, готовые статистические данные, программное обеспечение и т.д., а также методика оценки результатов.

6. Результаты и обсуждения. Около 5-7 страниц.

Результаты исследования в чёткой логической последовательности, без их интерпретаций. Именно здесь чаще всего используются таблицы, рисунки и графики (но не дублирующиеся). Осуждение должно быть сфокусировано на интерпретации результатов исследования и других связанных с ним материалов. Подчеркните новые и важные наблюдения. Объясните значение наблюдаемого мнения для цели исследования.

7. Выводы.

Как ваша работа улучшает /расширяет текущее положение темы.

Каков основной смысл результатов/выводов относительно поставленной цели.

Цифры. 5-8;

Таблицы. 1 - 3;

8. Ссылки. 20 работ, как минимум 30% из них должны быть иностранными и совпадать с реальными сносками в статье; наличие ссылок для электронных источников в списке литературы.

9. Общий объём. 8-12 страниц (около 5 000 слов включая основной материал);

Цитирование источников в тексте. Все использованные источники должны быть помечены в тексте с указанием номера, соответствующего источника в списке литературы. Все источники должны быть реальными и совпадать с цитированием в тексте.

Изображения, рисунки, диаграммы и таблицы должны быть представлены отдельным файлом в хорошем качестве.

THE ETHICS OF PUBLISHING AUTHOR'S ARTICLES:

- - are responsible for compliance with scientific and research ethics on the submitted material (for the text of the article published in the journal, for plagiarism, for the use of someone else's material, for the sequence and placement of diagrams, drawings, diagrams);
- - for articles rejected without explanation, which have not been properly formatted, as well as for articles that have not been checked for originality using the available anti-plagiarism systems (the recommended percentage is 60%).

Mandatory requirements for articles sent for publication:

Article sent for publication:

- must be designed in accordance with the requirements;
- should not be published earlier and be in print in other sources;
- should contain only the results of their own research, a review of scientific works of researchers from different countries on a given topic, as well as references to the articles of this journal of previous issues;
- all the sources used must be real and coincide with the citations in the text, as well as marked in the text by the number of the corresponding source in the list of literature.

EDITORS:

Editor-in-chief and members of the editorial board:

- - pay special attention to the quality of the content of the published article;
- - decide whether or not to agree or disagree with the reviewer's decision to publish the article;
- - participate in the meetings of the editorial board members;
- - prepare two reviewers from among the members of the editorial board or from the outside
- an expert in the given field of science - after the first examination on the compliance of the published article with technical aspects;
- - are guided in making a decision by the scientific significance and compliance of the article with the publication standard.

MANDATORY REQUIREMENTS FOR THE COMPLIANCE OF THE ARTICLE WITH INTERNATIONAL PUBLICATION STANDARDS

1. The title of the article:

Brief but accurate. Identifies the main problem of the article. 2. Keywords: 8 - 12 words.

3. Abstract: 1 paragraph 50 - 200 words.

The abstract should not contain references and abbreviations.

4. Introduction - 1.5 - 2 pages. Defines the essence of the problem, indicates the purpose of the study, justifies the importance of the research.

5. Literature review. 15 sources. Analysis of the literature used, formulating the main ideas, trends, using material to justify the theoretical basis of the study. The list of works, which were involved by the Author to develop and justify his argumentation within his research article, and which, as a consequence, are cited in this research article, the current views on the problem and the identified difficulties in working on this topic.

6. Methods. 2- 4 pages. The purpose of this part is to evaluate the reliability of the methods used and their impact on the results. The plan and sequence of the research process, experimental

protocols, materials used, subjects, equipment, ready-made statistics, software, etc., and the methodology for evaluating the results are given.

7. Results and discussion. About 5-7 pages. The results of the study in a clear logical sequence, without their interpretations. This is where tables, figures and graphs are most often used (but not duplicated). Condemnation should focus on the interpretation of the study results and other related material. Emphasize new and important observations. Explain the significance of the observed opinion to the purpose of the study.

8. Conclusions. How does your work improve/expand the current state of the topic. What is the main point of the results/conclusions in relation to the goal set. Figures. 5-8; Tables. 1 - 3;

9. References. 20 papers, at least 30% of them must be foreign and match the actual footnotes in the article; have references for electronic sources in the list of references.

10. Total length. 8-12 pages (about 5,000 words including main material); Citation of sources in the text. All sources used must be marked in the text with the number of the corresponding source in the reference list. All sources must be real and match the citations in the text. Pictures, figures, diagrams and tables must be presented as a separate file in good quality

ISBN 978-601-7846-55-8

